

**Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің "Достық" кедені лауазымды адамдарының, "Қазақстан темір жолы" Ұлттық компаниясы" Акционерлік қоғамының "Достық" станциясы қызметкерлерінің, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі лауазымды адамдарының, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекаралық қызметінің "Достық" жеке бақылау-өткізу пункті әскери қызметшілерінің және бақылаушы қызметтер қызметкерлерінің мемлекеттік шекара арқылы теміржол және автомобиль көлігімен өткізілетін жүктерді кедендік ресімдеу кезіндегі өзара іс-қимыл ережесін бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрінің 2004 жылғы 7 мамырдағы N 190-І, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2004 жылғы 5 мамырдағы N 258, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2004 жылғы 6 мамырдағы N 400, Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 7 мамырдағы N 213, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекаралық қызметі директорының 2004 жылғы 7 мамырдағы N 109 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 27 мамырда тіркелді. Тіркеу N 2874. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі директорының 2015 жылғы 23 маусымдағы № 410, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 1080, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 8 желтоқсандағы № 946, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 1143 және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 20 қарашадағы № 580 бірлескен бұйрығымен

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі директорының 23.06.2015 № 410, ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.12.2015 № 1080, ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 08.12.2015 № 946, ҚР Инвестициялар және даму министрінің 30.11.2015 № 1143 және ҚР Қаржы министрінің 20.11.2015 № 580 бірлескен бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасының көліктік және транзиттік әлеуетін арттыру және Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасында кедендік әкімшілдендіруді жетілдіру мақсатында бұйырамыз:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау

агенттігінің "Достық" кедені лауазымды адамдарының, "Қазақстан темір жолы" Ұлттық компаниясы" Акционерлік қоғамының "Достық" станциясы қызметкерлерінің, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі лауазымды адамдарының, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекаралық қызметінің "Достық" жеке бақылау-өткізу пункті әскери қызметшілерінің және бақылаушы қызметтер қызметкерлерінің мемлекеттік шекара арқылы теміржол және автомобиль көлігімен өткізілетін жүктерді кедендік ресімдеу кезіндегі өзара іс-қимыл ережесі бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзімізге қалдырамыз.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының  
Көлік және коммуникациялар  
министрі*

*Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы  
министрі*

*Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау  
министрі*

*Қазақстан Республикасы  
Кедендік бақылау агенттігінің  
төрағасы*

*Қазақстан Республикасының  
Ұлттық қауіпсіздік комитеті  
Шекаралық қызметінің  
директоры*

Қазақстан Республикасының  
Көлік және коммуникациялар  
министрінің 2004 жылғы

7 мамырдағы N 190 - I,

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрінің

2004 жылғы 5 мамырдағы N 258,

Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау министрінің

2004 жылғы 6 мамырдағы N 400,

Қазақстан Республикасының  
Кедендік бақылау агенттігі  
төрағасының 2004 жылғы

7 мамырдағы N 213,  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық қауіпсіздік  
комитетінің Шекаралық  
қызметі директорының  
2004 жылғы 7 мамырдағы N 109  
бұйрықтарымен бекітілген

**Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің "Достық" кедені лауазымды адамдарының, "Қазақстан темір жолы" Ұлттық компаниясы" Акционерлік қоғамының "Достық" станциясы қызметкерлерінің, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі лауазымды адамдарының, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекаралық қызметінің "Достық" Жеке бақылау-өткізу пункті әскери қызметшілерінің және бақылаушы қызметтер қызметкерлерінің мемлекеттік шекара арқылы теміржол және автомобиль көлігімен өткізілетін жүктерді кедендік ресімдеу кезіндегі өзара іс-қимылы ережесі 1. Жалпы ережелер**

1. Осы Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің "Достық" кедені лауазымды адамдарының, "Қазақстан темір жолы" Ұлттық компаниясы" Акционерлік қоғамының "Достық" станциясы қызметкерлерінің, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі лауазымды адамдарының, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекаралық қызметінің "Достық" жеке бақылау-өткізу пункті (бұдан әрі - ЖБӨП) әскери қызметшілерінің және бақылаушы қызметтер қызметкерлерінің мемлекеттік шекара арқылы теміржол және автомобиль көлігімен өткізілетін жүктерді кедендік ресімдеу кезіндегі өзара іс-қимыл ережесінде (бұдан әрі - Ереже) теміржол және автомобиль көлігімен, вагондық және контейнерлік жөнелтімдермен тасымалданатын және тасымалдау үшін көзделетін тауарлар (материалдық құндылықтар) "жүктер" деп түсініледі.

Осы Ереже "Достық" халықаралық теміржол өткізу пункті арқылы өтетін вагондармен және жүк жөнелтімдерімен, автомобиль көлігімен тасымалданатын барлық тауарларға, сондай-ақ азаматтардың (жеке тұлғалардың) қол жүгі мен жол жүгіне қолданылады.

2. Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін және оның шегінен тысқары жерлерге әкетілетін барлық тауарлар Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес кедендік бақылауға жатады.

Өсімдіктердің карантині бойынша ветеринарлық және санитарлық-эпидемиологиялық қызметтер (бұдан әрі - бақылаушы қызметтер) бақылауға жататын тауарларды әкелу, әкету және транзиті кезінде кедендік ресімдеу тек жоғарыда аталған қызметтердің рұқсат ету мөртаңбалары ("Әкелуге рұқсат етіледі", "Әкетуге рұқсат етіледі", "Транзитке рұқсат етіледі") болған кезде ғана жүргізіледі.

3. Кедендік ресімдеу тәртібі Қазақстан Республикасының Кеден кодексімен (бұдан әрі - Кодекс) және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық кесімдерімен жүзеге асырылады және реттеледі.

Кодекстің 433-бабына сәйкес кеден органының лауазымды адамдары Қазақстан Республикасына әкелінетін жүктерге және Қазақстан Республикасынан теміржол көлігімен әкетілетін жүктерге қатысты іріктеп тексеру жүргізуге және теміржол қызметкерлері "Достық" кеденінің тапсырысы бойынша "Достық" станциясының электронды да, механикалық та таразыларында бақылауды жүзеге асыруға құқығы бар. Жүктерді автомобиль көлігімен "Дружба-Алашанькоу" автомобиль өтпесі арқылы өткізген кезде өлшеуді "Достық" бақылау өткізу пунктіндегі көлік инспекциясының маманы жүргізеді, ал кедендік тексеру кедендік бақылау аймақтары (бұдан әрі - КБА) болып табылатын арнайы бөлінген жерлерде жүргізіледі. Автомобиль көлігімен өткізілетін өлшеуден кейінгі тауарға ілеспе құжаттардағы салмақтың дұрыстығы үшін жауаптылық уәкілетті органға - "Достық" БӨП Алматы облысы бойынша көліктік бақылау басқармасына жүктеледі.

4. Темір жол әкімшілігі (бұдан әрі - темір жол) жүктер мен оларға арналған құжаттарды баратын станциясына тасымалдаудың және сақтаудың қалыпты жағдайларында табиғи тозудың немесе кемудің салдарынан болған өзгерістерден басқа, орамы мен жағдайын қандай-да бір өзгеріссіз жеткізуге және қызмет аймағында аталған станция тұрған кеден органын жүкті жеткізгендігі туралы х а б а р д а р е т у г е м і н д е т т і .

Автомобиль көлігімен өткізілетін тауарлар Кодекстің 74-бабының 2-тармағына сәйкес немесе 1975 жылғы 14 қарашада Женева қаласында жасалған ХЖТ кітапшалары қолданылатын жүктердің халықаралық тасымалы туралы кеден конвенциясына (бұдан әрі - ХЖТ конвенциясы), Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық кесімдеріне сәйкес тауарлар мен көлік құралдарының жеткізілуін қамтамасыз ету шараларының бірін сақтай отырып ішкі кедендік транзиті (бұдан әрі - ИКТ) рәсімі бойынша жіберіледі.

5. Теміржол көлігімен өткізілетін тауарларды кеден органының рұқсатымен кедендік ресімдеу оларды кедендік бақылау аймағына (автокөлік) орналастыра отырып немесе мұндай қоймаларға іс жүзінде орналастырмастан " Әскерилендірілген теміржол күзеті " Акционерлік қоғамының (бұдан әрі - "

ӘТЖК" АҚ) қызметкерлерінің күзетуімен станцияның жолдарына қойылып жүзеге асырылады.

6. Қазақстан Республикасының кедендік шекарасынан өтетін халықаралық пойыздардағы жеке тұлғалардың қол жүгін және жол жүгін кедендік тексеру кеден заңдарына және Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген нормативтік құқықтық кесімдеріне сәйкес жүзеге асырылады.

7. Кедендік бақылау аймағындағы объектілерге кіру Қазақстан Республикасының кеден заңдарына қатаң сәйкестікте жүзеге асырылады.

8. Кеден органдары лауазымды адамдарының кеден заңдарының шеңберінде жүктерге қатысты қабылдаған шешімдері "Достық" теміржол станциясының және бақылаушы қызметкерлері үшін міндетті болып табылады. Кедендік бақылаудағы тауарларды және тауарға ілеспе құжаттарды құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдарға ұсыну мен беру кеден органының жазбаша рұқсатымен ғана жүзеге асырылады.

## **2. Жүктерді Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелу кезінде кедендік ресімдеу**

9. Тауарларды кеден аумағына "Достық" шекаралық теміржол станциясы арқылы әкелу кезінде жүк құрамы шекаралық және кедендік бақылау үшін "А" және "Д" парктеріне беріледі. ЖБӨП шекаралық нарядының жетекшісі кеден органының лауазымды адамдарына теміржол құрамының келгендігі туралы хабарлайды. Құрамның келгендігі туралы хабарды алғаннан кейін ЖБӨП наряды және "Достық" кеденінің тексеру тобы белгіленген тәртіппен кедендік және шекаралық тексеру жүргізеді.

10. Локомотивті тексеруді кеден органының тиісті рұқсаты бар лауазымды адамы жүзеге асырады. Локомотивтің машинисі кеден органдарының лауазымды адамдарына жан-жақты көмек көрсетуге және олардың талап етуі бойынша тексеру үшін көрсетілген жерлерді ашуға міндетті. Поезд бригадасының құрамы үш маманнан - машинистен, көмекшіден және нұсқаушыдан, сондай-ақ жүктерді қабылдап алу-тапсыру жөніндегі агенттерден аспайтын есеппен белгіленген т а л а п т а р д а н а с п а у ы т и і с .

Жылжымалы құрамның машинисі құрам тексеру алаңында тұрған уақытта қауіпсіздік техникасын қатаң сақтауға міндетті. Шекаралық және кедендік тексеру кезінде локомотивті іске қосуға үзілді-кесілді тыйым салынады.

Локомотивті тексеру кезінде тек бір ғана секция жұмыс істейді, яғни локомотивті іске қосу кезекпен және тек ЖБӨП нарядының және кеденнің белгісінен кейін ғана жүргізіледі.

Машинистің қол жүгі локомотивте тексеріледі. Поездық қызмет көрсету

бригадасын шекаралық және кедендік тексеру заңнамада белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Локомотивте машинист қалады, поездық қызмет көрсету бригадасының қалған мүшелері тексеру уақытында "А" және "Д" парктерінде белгіленген кедендік бақылаудан өту үшін (жолаушылар декларациясын толтыру , қол жүгін және жол жүгін тексеру үшін белгіленген жерлер) жол жүгімен л о к о м о т и в т е н к е т е д і .

Жылжымалы құрамды алып жүруші қабылдаушы-тапсырушысы кеден органының лауазымды адамына аталған құраммен әкеле жатқан жүкке арналған құжаттарды ұсынады. Жылжымалы құрамда құжаттары жоқ вагондар анықталған жағдайда кеден органының (теміржол өткізу пунктінде) лауазымды адамы кеден басшылығын хабардар етеді, вагон ағытылып жағдайларды анықтау үшін станцияға жіберіледі. "А" және "Д" парктерінде жүк құрамына кедендік бақылауды жүзеге асыруға белгіленген уақыт - 1 сағатты құрайды, бір вагонды іріктеп ашуға және көзбен қарау арқылы кедендік тексеру жүргізуге қажетті у а қ ы т 2 5 м и н у т т ы қ ұ р а й д ы .

Теміржол құрамын тексеру кезінде бос вагондардың барлық есіктері жартылай ашық болуы тиіс. "А" және "Д" парктерінде тексеруден кейін ЖБӨП және кеден қызметкерлерінің рұқсаты бойынша құрам одан әрі кедендік ресімдеу үшін станцияға жіберіледі.

11. Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелінетін және транзитпен өткізілетін тауарлар олар әкелінген сәттен бастап және баратын орнына өткізгенге немесе Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттік өткізгенге дейін кедендік бақылауда болады.

12. Кеден органының лауазымды адамдары және теміржол станциясының қызметкерлері станция жұмысының технологиялық белгіленген процесіне сәйкес қабылданған тасымалдау құралдарына бірлескен тексеруді жүзеге асырады ( тасымалдау құралдарының саны мен нөмірі, пломбалардың бұзылмауы, ашық жылжымалы құрамдағы жүктердің сақталуы).

Тауарларды қайта тиеу кезінде тиеу-түсіру жұмыстарын механизация құралдарымен (тиеушілер, кран) қамтамасыз етуді "Достық" теміржол станциясының басшылығы жүргізеді. "Достық" теміржол станциясының әкімшілігі өрт күзетімен келісе отырып белгіленген тәртіппен тауарлар мен көлік құралдарының өрт қауіпсіздігін жүзеге асырады.

Жүктерді енсіз вагондардан енді вагондарға қайта тиеу кезінде кеден органының лауазымды адамдары кедендік бақылауды міндетті түрде тіркей отырып NN 2, 3 жабық ангарларда жүзеге асырады. Контейнерлерді тіркеу тек контейнерлерді тереңдетілген кедендік тексеру жүргізу үшін ашу кезінде ғана ж ү р г і з і л е д і .

Біріздендірудің кедендік құралдары (пломбалар) көлік құралдарын кеден

органдарының қызметкерлері ашқан кезде салынады.

Тексеру кезінде анықталған барлық сәйкессіздіктерге станция қызметкерлері ГУ-23 жалпы нысанындағы актіні және Жүктерді тасымалдау ережесіне сәйкес (КСРО) ГУ-22 нысанындағы коммерциялық актілерді жасайды. Аталған актілердің көшірмелері одан әрі шешім қабылдау үшін кеден органына беріледі.

**Ескертпе:** 1992 жылғы 20 наурыздағы Достастыққа қатысушы мемлекеттердің Темір жол көлігі жөніндегі кеңестің бесінші мәжілісінің хаттамасына сәйкес Жүктерді тасымалдау ережесі (бұдан әрі - Жүктерді тасымалдау ережесі) Достастыққа қатысушы мемлекеттердің темір жолдарында бірыңғай ретінде сақталады.

13. 3-ші ашық алаңда, 3-ші жабық ангарда және 4-ші ашық алаңда қайта тиеуді жүзеге асырудың алдында тауарларды автокөлік құралдарынан теміржол вагондарына қайта тиеу кезінде, сондай-ақ 5-ші, 6-шы ангарларда енсіз вагондардан енді вагондарға қайта тиеу кезінде "Достық" станциясының қызметкерлері тауараға ілеспе құжаттарды ұсына отырып кеден органының лауазымды адамдарын алдын ала хабардар етуі тиіс.

3-ші ашық алаңда және 3-ші ангарда тауарларды автокөлік құралдарынан вагондарға қайта тиеу кезінде кеден органының (тексеру тобының) лауазымды адамдары тауарлардың бар-жоқтығының тауарларға ілеспе құжаттарға сәйкес болуына кедендік тексеру жүргізеді.

Кеден органдарының лауазымды адамдарының және "ӨТЖК" АҚ қызметкерлерінің тарапынан қайта тиеу кезінде кедендік бақылау аймағына бөгде адамдардың енуін болдырмау жөніндегі шаралар қабылдануы тиіс. Бақылау жүзеге асырылатын кезде теміржол станциясының қызметкерлері мен тауарларға және көлік құралдарына қатысты өкілеттігі бар адамдар келтірілген залал және тауарлар мен материалдық құндылықтардың ұрланғаны үшін жауаптылықта болады.

Пломбаланған көлік құралдары ашылған және мемлекеттік шекараны бұзушылар анықталған жағдайда, оларды ұстау және шекаралық қызметтің лауазымды адамдарын хабардар ету жөнінде уақтылы шаралар қабылданады.

Кеден ережелерін бұзу фактілері болмаған кезде кеден органының тексеруді жүзеге асырған лауазымды адамы тауарға ілеспе құжаттарға "Жүк тексерілді" деген мөртаңбаны қояды және жеке номерлік мөрімен растайды. Кедендік ресімдеуден және кедендік бақылаудан жасырылған тауарлар анықталған жүк тиелген көлік құралы кедендік заңнамада белгіленген тәртіппен ұстауға жатады.

Вагондардың маневрлеріне, жұмысшыларды, кран шаруашылығын беруге байланысты қосымша шығындарды, тұрғаны, уақытша сақтау қоймаларын (бұдан әрі - УСҚ) пайдаланғаны үшін шығындарды темір жолы Халықаралық темір жол жүк қатынасы туралы келісімнің 11-бабының 2-параграфына және 12-

бабының 1, 2-параграфтарына сәйкес (бұдан әрі - ХТЖҚ) жүк жөнелтушіден немесе экспедитордан өтейді.

14. Қытай Халық Республикасынан Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелінетін жүктердің кедендік бақылауы "Достық" кеденінің "Достық" теміржол станциясы қызметкерлерінің тауарлардың жеткізілуін бақылау бөлімінің (бұдан әрі - ТЖББ) лауазымды адамдарын жүктің келгендігі туралы хабардар еткеннен кейін басталады. Хабарлама кеден органына екі дана беру тізілімдемесін (ХТЖҚ-ның 36-қосымшасы), сондай-ақ тасымалдау және тауарға ілеспе құжаттарды беру нысанында болады. Кеден органының лауазымды адамы беру тізілімдемесінің екі данасының да оң жақ жоғарғы бұрышына, сондай-ақ құжаттарды қабылдап алу-беру журналында мынадай нысандағы мөртаңбасын қ о я д ы :

- 1) "Құжаттарды кеден " \_\_\_ " сағат " \_\_\_ " минутта қабылдады. " \_\_\_ " сағат " \_\_\_ " минутта теміржол станциясына қайтарылды.";
- 2) кеден органы лауазымды адамының қолы;
- 3) станция қызметкерінің қолы.

Беру тізілімдемесінің бір данасы кеден органында қалады, екінші данасы кеден органына тапсыру кезінде беру ведомосіне қоса берілген барлық тауарға ілеспе құжаттарымен бірге станция қызметкеріне қайтарылады.

Барлық жазбалар ХТЖҚ 2-бөлімінің 7-бабының 2 параграфына сәйкес жұмыс тіліне - орыс тіліне аударыла отырып анық оқылуы тиіс. Көліктік жүк құжаттарында жөнелтуші мен алушының толық заңды мекен-жайы, баратын станциясы, келісім-шарттың номері көрсетілуі тиіс, сондай-ақ жүк құжаттың 23-бағанында көрсетілген құжаттар қоса берілуі тиіс.

Тауар-көлік құжаттарымен қоса берілетін кеден органдарының қатысуынсыз теміржол жүргізген жүктелген вагондарды бақылау өлшеу актісі кедендік ресімдеу үшін негіздеме болып табылады. Жүгі бар вагондарды өлшеу жөніндегі фактілерді жасырғаны немесе дұрыс емес деректерді бергені үшін "Достық" станциясы өлшеу шаруашылығының қызметкері (өлшеу шаруашылығымен жұмыс істеуге рұқсаты бар) жауапты болады.

Жүк жөнелтуші толық толтырмаған немесе аударманың дұрыстығы үшін жауаптылықта болатын аудармашының қолы қойылмаған, енгізілген түзетулері (мәтінді сызу, жапсыру және сол сияқты түріндегі), тазартылған және дақтары бар құжаттар кедендік ресімдеу үшін қабылданбайды. Мұндай жағдайларда кеден органының лауазымды адамы құжаттарды қайтару актісін жасайды. Актіде:

- 1) вагонды жөнелту номері;
- 2) жүкті жөнелтушінің, алушының мекен-жайлары;



- 3) тауар кассасына құжаттарды қайтарудың себебі, уақыты және күні;
- 4) инспектордың тегі, аты-жөні және жеке номерлік мөрмен расталған қолы көрсетіледі.

15. Кеден органының лауазымды адамы әкелінетін жүктерге арналған құжаттарды тексереді және мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) жүкке кедендік ресімдеу жүргізу;
- 2) жүкті баратын кеден органына кедендік бақылаумен жөнелту туралы;
- 3) жүкті жөнелтушінің станциясына қайтару туралы;
- 4) вагондарды ұстау және оларға арналған құжаттарды қосымша тексеру жүргізу немесе кеден ісі саласындағы құқық бұзушылықты ресімдеу үшін тиісті бөлімге беру туралы.

16. Кеден органы жүктерді кедендік ресімдеуді және бақылауды тауарлық касса қызметкерлерінен кедендік ресімдеу үшін тиісті құжаттарды қабылдағаннан кейін 2, ал қажет болған жағдайда 10 тәуліктен аспайтын мерзімде Кодекстің 440-бабына сәйкес жүргізеді.

Кодекстің 370-бабына сәйкес кеден органының лауазымды адамдары жедел жеткізілімдерге қатысты ұсынылған құжаттарды тексереді және үш тәуліктен кешіктірмей кедендік ресімдеу жүргізеді.

Жүкті кедендік ресімдеу жүргізу кезінде теміржол қызметкерлері бұл туралы жүк алушыны хабардар етуі керек. Жүк алушы станцияның хабарламасын алғаннан кейін кеден органына кедендік бақылау мен ресімдеу үшін қажетті құжаттарды және мәліметтерді ұсынуы тиіс. Тасымалдау құжаттарын кеден органының лауазымды адамдарына арнайы кітаптарда беру фактісін ресімдей отырып тікелей станция қызметкерлері береді. Тасымалдау құжаттарын оларды кеден органының лауазымды адамына ұсынғанға дейін жүк алушыға беруге т ы й ы м с а л ы н а д ы .

Кедендік ресімдеуді жүзеге асырғаннан кейін теміржол жүк құжатының тиісті бағанында себебі көрсетіле отырып "Шығаруға рұқсат етіледі" немесе "Шығаруға тыйым салынады" мөртабандары қойылады және жеке номерлік мөрімен расталған кеден органы қызметкерінің қолы қойылған жоғарыда аталған мөртабандардың бар болуын тексеретін станция қызметкерлеріне жүкті жүк алушыға беру үшін құжаттар қайтарылады.

Карантиндік және мемлекеттік ветеринарлық қадағалауға жататын өнімдерді әкелу кезінде өсімдіктердің карантині жөніндегі инспектор мен "Достық" бекетінің ветеринарлық инспекторы Қазақстан Республикасы Өсімдіктердің карантині жөніндегі бас мемлекеттік инспекторының (немесе оның орынбасарының) импортталатын жүкке, Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік ветеринарлық инспекторының (немесе оның орынбасарының) әкелуге арналған рұқсатының, фитосанитарлық және ветеринарлық

сертификаттарының болуын, тасымалдау шарттарын сақтауды қоса алғанда жүктің атауының, салмағының, орамының және мөлшерінің ұсынылған құжаттарға сәйкестігін тексереді.

Ветеринарлық инспектор шетелдік ветеринарлық сертификаттың орнына қолданыстағы заңнамаға сәйкес келетін ветеринарлық куәлік береді. Ветеринарлық куәліктің "Ерекше белгілер" бағанында Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік ветеринарлық инспекторының немесе оның орынбасарының рұқсаты және жүкті пайдалану тәртібі (еркін сату, ұзақ сақтау немесе қайта өңдеу) көрсетілуі тиіс. Шетелдік ветеринарлық сертификаттың орнына берілетін ветеринарлық куәліктің түбіртегі бекеттің ветеринарлық инспекторында қалады.

Әкелінетін жүктер ұсынылған құжаттарға сәйкес келген жағдайда өсімдіктердің карантині жөніндегі инспектор мен бекеттің ветеринарлық инспекторы оларды белгіленген тәртіппен тіркейді. Өсімдіктердің карантині жөніндегі инспектор және ветеринарлық инспектор жүктерді, көлік құралдарын тексеруді жүргізгеннен және әкелінетін жүктерді тіркегеннен кейін ілеспе құжаттарға "Әкелуге рұқсат етіледі. Соңғы түсу пунктінде карантиндік тексеруге жатады" және "Әкелуге рұқсат етіледі" деген мөртабандарды қояды.

Жүктердің зақымданғаны немесе фитосанитарлық және ветеринарлық-санитарлық талаптар мен нормаларға сәйкес келмеуі анықталған, сондай-ақ оны өсімдіктердің карантині және ветеринария саласындағы заңдардың талаптарын бұза отырып әкелу жағдайында "Достық" бекетінің өсімдіктердің карантині жөніндегі инспекторы және ветеринарлық инспектор жүк иесінің қаражаты есебінен заңдарда белгіленген тәртіппен жүкті экспорттаушы елге қайтару немесе оларды зарарсыздандыру (фумигация, зиянсыздандыру) жөніндегі шараларды қабылдайды және бұл туралы кеден органының, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің "Қазақстан темір жолы" Ұлттық компаниясы" Акционерлік қоғамы "Достық" станциясының, "Достық" ЖБӨП жауапты лауазымды адамына х а б а р л а й д ы .

Шекарадағы жүк операцияларын (әкелінген жүкті басқа көлік құралдарына қайта тиеу) өсімдіктердің карантині бойынша бақылау және міндетті карантиндік тексеру жүргізілгеннен кейін өсімдіктердің карантині жөніндегі мемлекеттік инспектордың рұқсаты бойынша жүктің иелері жүргізеді.

17. Жүкті Қазақстан Республикасының аумағынан қайтару туралы шешім "Қайтарылуға жатады" деген мөртабанмен немесе қайтару үшін негіздеме көрсетіле отырып теміржол жүк құжатында жүк атауының астына осыған ұқсас қолмен жазумен расталады. Мөртабан немесе жазу кеден органы лауазымды адамының жеке номерлік мөрімен расталады. Тасымалдаудың техникалық, коммерциялық немесе өзге де сипаттағы шарттарына байланысты қайтару

кезінде тасымалдау құжаттарына жалпы нысандағы (ГУ-23) акт қоса беріледі. Көлік құралдарын қайтару тауарлар мен көлік құралдарын кедендік бақылауға ұсынған сәттен бастап 10 күннен аспайтын мерзімде жүзеге асырылады.

18. Жүкті және оған арналған құжаттарды алып қою, не жүкті қосымша тексеру мұндай шешім үшін негіздеме көрсетіле отырып тасымалдау құжаттарына "Шығаруға тыйым салынады" мөртабанын қоюмен расталады. Мөртабан мен жазба кеден органы инспекторының жеке номерлік мөрімен бекітіледі. Мұндай жағдайларда станция қызметкерлері жалпы нысандағы актіні ( Г У - 2 3 ) ж а с а й д ы .

Ұсталынған жүк жүктердің сақталуы үшін жауаптылықта болатын "ӘТЖК" АҚ-тың күзетуімен станцияның жолдарына орналастырылады.

19. Ішкі кедендік транзит рәсімімен (бұдан әрі - ИКТ) жөнелтілетін кеденнен баратын кеденге дейін кеден жүктерін тасымалдау кезінде жөнелтуші кеден органы жеткізілуін бақылау құжатын (бұдан әрі - ЖБҚ) жасайды.

ЖБҚ толтыру нысаны мен тәртібі Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

ЖБҚ төрт данада толтырылады. ЖБҚ-ның бұл даналарына және тауар-көліктік құжаттарда "Жүк кедендік бақылаумен \_\_\_\_\_ орын мөлшерімен, жөнелтушінің пломбаларымен \_\_\_\_\_ кеденіне \_\_\_\_\_ (баратын станция) дейін жеткізуге жатады, кеден инспекторы \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 200\_\_ ж." мөртабан қойылады және кеден органының жеткізілуін бақылау құжатын ресімдеген инспекторының жеке номерлік мөрімен расталады. ЖБҚ екі данасы кедендік жүкпен бірге баратын кеденге жіберіледі, ал бірінші және төртінші даналары "Достық" кеденінің тауарлардың жеткізілуін бақылау бөлімінде қалдырылады. ЖБҚ-ның көшірмелері әрбір тауар-көлік жүк құжатына қоса берілуі тиіс (тауар кассасы қызметкерлері жауапты болады).

Тауар-көлік жүк құжатының бірінші бетінде ЖБҚ-ның толық анықтамалық номері көрсетілетін жөнелтуші мөртабан қойылады. Жөнелтуші кеденде тауарға ілеспе құжаттардың қосымша даналары қалдырылады.

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша кедендік төлемдер мен салықтардың төленуін міндетті түрде қамтамасыз етумен өткізілетін тауарларды ресімдеу кезінде кедендік ресімдеу мен бақылау Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жүзеге асырылады. Тиісті төлемдер мен салықтардың төленуін қамтамасыз етуге жататын тауарларды кедендік бақылау қолданыстағы кеден заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

Әрбір ресімделген ЖБҚ бойынша Кедендік автоматтандырылған ақпараттық жүйенің "Жеткізілуін бақылау" Автоматтандырылған жұмыс орны Бағдарламалық қолданбалы қамтамасыз етуі (бұдан әрі - КААЖ "Жеткізілуін бақылау" АЖО БҚК) жүйесінде деректер базасын жүргізу үшін электронды

көшірме жасалады және одан әрі тауарлардың баратын кеден органына дейін жеткізілуін бақылау үшін пайдаланылады.

20. Оларға қатысты тауарлардың кедендік ресімделуі аяқталмаған жүктерді бір кеден органынан екінші кеден органына тасымалдау тасымалдауды жүзеге асыратын темір жолдың жауаптылығымен кедендік бақылаумен жүзеге асырылады.

21. Жөнелтуші кеден органы тауарларды баратын кеден органына дейін жеткізу мерзімін темір жол мүмкіндіктерін, межеленген бағытты және басқа да тасымалдау шарттарын негізге ала отырып, тасымалдаудың әдеттегі мерзіміне сәйкес, бірақ бір айдың ішінде 2000 км есебімен белгілейді.

Теміржол қызметкерлерінің жүк иелеріне кедендік бақылаумен тасымалданатын жүктерді және оларға арналған тауарға ілеспе құжаттарды кеден органының рұқсатынсыз беруге құқығы жоқ.

22. Жүктерді кеден органының рұқсатынсыз берген немесе олар жоғалған, мұндай жоғалу туралы хабарламаған немесе олар баратын кеден органына жеткізілмеген кезде теміржол тауарларды еркін айналым үшін шығару кезінде немесе экспорты кезінде төленуге жататын тиісті кедендік төлемдер мен салықтарды төлеуі тиіс.

23. Кедендік ресімдеу мен кедендік бақылау аяқталғаннан кейін кеден органының лауазымды адамы ЖБҚ мен тауарға және көлік құралдарына арналған тауарға ілеспе құжаттарды құрам қалыптастыру және одан әрі баратын станцияға жөнелту үшін станция қызметкерлеріне береді. Станцияның қызметкерлері кеден органының лауазымды адамдарына уақтылы көлік құралдарын "Достық" станциясынан баратын станциясына жөнелткендігі туралы хабарлауы қажет. Хабарлама кеден органына екі дана беру тізімдемесін немесе поездың анықтама қағазын, сондай-ақ тасымалдау және тауарға ілеспе құжаттарды беру нысанында болады. Кеден органының лауазымды адамы беру тізімдемесімен бірге тауарға ілеспе құжаттарды тексереді және жүк құрамын тексеруді жүргізеді, белгіленген тәртіппен тіркеуді жүргізеді және беру тізімдемесінің екі данасына да "Кедендік жүк" мөртабанын қояды, жеке номерлік мөрімен растайды. Беру тізімдемесінің бір данасы станция қызметкеріне қайтарылады, екінші данасы кеден органында қалады.

Тауарға ілеспе құжаттарда көрсетілген мәліметтердің беру тізімдемесімен сәйкес болмауы анықталған кезде тауарлар мен көлік құралдары Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жағдаяттарды анықтау бойынша шаралар қолдану үшін ұстауға жатады.

24. Тасымалдау құжаттарында кеденнің рұқсат беруші мөртабанынсыз жүктерді "Достық" станциясынан жөнелтуге қатаң түрде тыйым салынады. Хабарланбаған немесе жүкті кеден органын хабардар етпей жөнелткен жағдайда

теміржол "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 402-бабына сәйкес жауаптылықта болады.

Қажет болған жағдайда "Достық" кедені "Қазақстан темір жолы" ҰК" АҚ филиалының басшылығы тарапынан баратын станциясына дейінгіні қоса алғанда вагондар мен контейнерлердің жол жүру бағытындағы тұрған жері туралы ақпаратқа сұрау салуға және алуға құқылы. Тауарлар баратын станциясына жеткізілмеген жағдайда "Қазақстан темір жолы" ҰК" АҚ филиалының басшылығы ішкі кедендік транзит рәсімі бойынша бара жатқан вагондар мен контейнерлерді іздестіруге көмек көрсетуге міндетті.

### **3. Транзиттік жүктерді оларды Қазақстан Республикасынан әкету кезінде кедендік ресімдеу**

25. Транзиттік жүктер "Достық" шекаралық станциясына келгеннен кейін станция қызметкерлері кеден органының лауазымды адамдарын аталған жүктердің келіп түскендігі туралы хабардар етуге міндетті. Хабарлама кеден органына жүк кедендік декларацияның (бұдан әрі - ЖКД) немесе ЖБҚ-ның үшінші және төртінші парақтарын, екі дана беру тізімдемесін, сондай-ақ келіп түскен жүктің тасымалдау және тауарға ілеспе құжаттарын беру нысанында болады. Көліктік жүк құжаттарында жөнелтуші мен алушының толық заңды мекен-жайы, баратын станциясы, келісім-шарттың номері көрсетілуі, сондай-ақ жүкке арналған ерекшелік құжаты қоса берілуі тиіс.

Кеден органының лауазымды адамы беру тізімдемесінде мынадай нысандағы м ө р т а ң б а с ы н қ о я д ы :

1) "Құжаттарды кеден "\_\_\_" сағат "\_\_\_" минутта қабылдады.

2) кеден органы лауазымды адамының қолы;

3) станция қызметкерінің қолы.

Беру тізімдемесінің данасы кеден органында қалады.

26. Кеден органының лауазымды адамы әкетілетін жүктерге арналған құжаттарды тексереді және мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) тіркеу жүргізу және жүкті одан әрі баратын жері бойынша жөнелту;

2) жүкті жөнелтушінің станциясына қайтару туралы;

3) вагондарды ұстау және оларға арналған құжаттарды қосымша тексеру жүргізу үшін тиісті бөлімге беру туралы.

Жүкті кедендік ресімдеу жүргізу кезінде және кедендік ресімдеу мен бақылау үшін қосымша құжаттар мен мәліметтер қажет болған жағдайда теміржол қызметкерлері бұл туралы жүк жөнелтушіні хабардар етуі керек. Жүк жөнелтуші станцияның хабарламасын алғаннан кейін кеден органына сұрау салынған құжаттарды және мәліметтерді ұсынуға міндетті.

Кеден органының лауазымды адамы ұсынылған тауарға ілеспе құжаттардың толықтығын тексереді. Тауарлардың тауарға ілеспе құжаттарда көрсетілген мәліметтерге сәйкес болмауы фактілері анықталған жағдайда материалдар белгіленген тәртіппен қосымша тексеру жүргізу үшін кеден органының тиісті бөлімшесіне беріледі.

27. Тауарға тексеру жүргізу қажет болған жағдайда кеден органының лауазымды адамдары "Достық" станциясы бастығының атына жүктерді өлшеу және бақылаулық тексеруді жүзеге асыруға тапсырыс жасайды. Кеден органының лауазымды адамдары белгіленген тәртіппен тауарларды өлшеуге бақылауды жүргізеді. Жүргізілген тексеру мен өлшеудің нәтижелері бойынша жүкті кедендік ресімдеу жүргізіледі.

28. Кеден органының лауазымды адамы тауарлар мен көлік құралдарын шығару туралы шешім қабылдағаннан кейін тауарға ілеспе құжаттарға "Жүк жөнелтілді" мөртабанын қояды және жеке номерлік мөрімен растайды.

Жүктерді Қазақстан Республикасының аумағына әкелу/аумағынан әкету кезінде оларды Қазақстан Республикасының кедендік заңдарында белгіленген тәртіппен тіркеу жүргізіледі.

Кедендік ресімдеу аяқталғаннан кейін кеден органының лауазымды адамы тауарларға және көлік құралдарына арналған тауарға ілеспе құжаттарды құрам қалыптастыру және одан әрі Қытай Халық Республикасына жөнелту үшін станция қызметкерлеріне береді.

29. Транзиттік жүктерді алдын ала кедендік ресімдеу кезінде бір вагонды ашуға және кедендік тексеру жүргізуге қажетті уақыт 45 минутты құрайды. Кеден органы жүктерді кедендік ресімдеуді және бақылауды беру кеңсесінен ілеспе құжаттармен бірге ЖКД-ны қабылдағаннан кейін 2, ал қажет болған жағдайда 10 тәуліктен аспайтын мерзімде Кодекстің 440-бабына сәйкес жүргізеді.

Қызметтік және өндірістік қажеттілігіне қарай нарядтар мен ауысымдарға сәйкес вагондар мен контейнерлерді қайта тиеу, тексеру кезінде немесе ашу кезінде қатысатын теміржол қызметкерлері (қабылдаушы-тапсырушылар, коммерциялық ақауларды жою жөніндегі мамандар, жүк тиеушілер), "ӘТЖК" АҚ атқыштары, кеден қызметкерлері белгіленген үлгідегі қызметтік куәліктері мен рұқсат қағаздары бойынша, сондай-ақ тиісті қызметтердің басшылары бекіткен тізімдер бойынша өткізіледі. Аталған қызметтердің нарядтар мен ауысымдарға тартылмаған барлық адамдарына КБА-ға енуге қатаң тыйым салынады. КБА-ға кіруге рұқсат қағазын белгіленген үлгідегі журналға тіркеу жасала отырып кеден бастығының немесе оның орнындағы адамның рұқсаты бойынша кеден органының тиісті бөлімі береді. Бақылаушы органдар мен құқық қорғау органдары өкілдерінің кедендік бақылау аймағына өтуіне рұқсат беру "

Достық" кедені бастығының, ал ол болмаған жағдайда оның орынбасарының жазбаша рұқсатымен жүзеге асырылады.

Шекаралық қызметтің лауазымды адамдары темір жол көлік құралдарын тиеу кезінде жапқанға және белгіленген үлгідегі пломбаларды салғанға дейін қатысады.

30. Станция қызметкерлері (поездарды қабылдаушы-тапсырушылар) Қазақстан Республикасының аумағы арқылы әкетуге және транзитіне тыйым салынған жүктерді (әскери техника, ұшу аппараттары) анықтаған жағдайда бұл туралы кеден органының лауазымды адамдарын тиісті шешім қабылдау үшін (сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасына тауар кодының сәйкестігіне тексеру, тереңдетілген тексеру, рұқсат беруші сипаттағы құжаттарды сұрау) жедел түрде хабардар етуі қажет. Қажет болған жағдайда м а м а н д а р т а р т ы л а д ы .

Егер тауар кедендік сараптама жүргізуге жататын жағдайда кеден органының жүкті ресімдеумен айналысатын лауазымды адамы "Достық" кеденінің сынамалар мен үлгілердің іріктеуін жүргізетін кедендік сараптамалар және кедендік зерттеулер қызметіне (бұдан әрі - КС және КЗҚ) хабарлайды және сараптама нәтижелері қорытындысының негізінде ғана жүкті ресімдеу жүзеге асырылады.

31. Қытай Халық Республикасына бара жатқан жүктердің вагондардың тауар-көлік жүк құжатында көрсетілген салмағының дұрыстығын анықтау үшін кеден органының лауазымды адамы іріктеп тексеру кезінде шешім қабылдау үшін вагондарды өлшеу қажеттігі туралы тиісті бөлімнің бастығын хабардар етеді. Станцияның қызметкерлері кеден органның тапсырысы бойынша вагондарды өлшеуге және 24 сағаттың ішінде вагондарды тексеру үшін үй-жай беруге міндетті. Өлшеу мен тексеру кеден органы лауазымды адамының қатысуымен жүргізіледі. Өлшеу және тексеру жүргізілгеннен кейін нысаны нормативтік-құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2319 болып тіркелген "Тауарлар мен көлік-құралдарын қарау/тексеру, үй-жайлар мен аумақтарды қарау актілерінің және біліктілік талаптары мен шарттарына сәйкестігіне арналған қорытындының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 21 мамырдағы бұйрығымен бекітілген, кеден органының лауазымды адамы, қабылдаушы-тапсырушы және өлшеуші куәландыратын 3 данадағы өлшеу туралы акті мен вагондарды тексеру туралы актісі, станция қызметкерлерінің өлшеу актілерін кеден үшін міндетті түрде беруі арқылы жасалады.

Тауарға ілеспе құжаттардағы мәліметтердің іс жүзіндегі салмағына сәйкес болмауы анықталған жағдайда материалдарды одан әрі шешім қабылдау үшін кеден органының тиісті бөліміне бере отырып, заңмен көзделген қажетті

құжаттарды жасау үшін көлік құралдары ұсталады. Жүкті өлшеуге және вагондардың маневрлеріне байланысты қосымша шығындар жүк жөнелтушінің есебінен өтеледі.

32. Енді вагондардан еңсіз вагондарға қайта тиеу және жүктерді одан әрі " Достық" станциясынан Қазақстан Республикасынан тысқары әкету теміржол станциясы қызметкері мынадай құжаттарды ұсынған жағдайда жүзеге асырылады :

1) кедендік бақылау үшін жүк құжатының немесе жол тізімдемесінің қосымша данасын қоса бере отырып Тасымалдау ережесіне сәйкес орындаған жүкті шекарадан тысқары әкету ниеті туралы хабарлама ретіндегі тасымалдау құжаттары ;

2) сатып алу-сатудың не айырбастаудың сыртқы сауда шарты (келісім шарты) , кедендік ресімдеуге жататын тауарларға билік ету немесе пайдалану құқығына арналған келісім не өзге де құжат ;

3) егер тауар лицензиялауға жататын жағдайда шығару үшін негіздеме;

4) кедендік ресімдеу үшін арналған Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де құжаттар .

Кеден органының лауазымды адамы ұсынылған құжаттарды тексереді және қайта тиеу туралы шешім қабылдайды. Тауарларды қайта тиеуді жүзеге асыру кезінде кеден органының лауазымды адамы тауарлардың тауарларға ілеспе құжаттармен сәйкестігіне кедендік тексеру жүргізеді. Кедендік тексеру теміржол станциясы қызметкерлерінің қатысуымен және тауарлар мен көлік-құралдарына қатысты өкілеттіктері бар адамдардың қатысуымен жүргізіледі. Қайта тиеудің нәтижелері белгіленген тәртіппен тіркеледі.

33. Кедендік ресімдеуден және кедендік бақылаудан жасырылған тауарлар анықталған жүк тиелген көлік құралы Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген қажетті құжаттарды жасай отырып ұстауға жатады.

34. Кеден ережелерін бұзушылықтар фактілері болмаған кезде жүкке кедендік тексеруді жүзеге асырған кеден органының лауазымды адамы көліктік жүк құжатына "Жүк тексерілді" деген мөртаңбасын қояды және жеке нөмірлік мөрімен растайды. Құжаттар тексерілгеннен кейін белгіленген тәртіппен тіркей отырып жүккөліктік жүк құжатына кеден органының ресімдеуді жүргізген лауазымды адамының жеке номерлік мөрімен расталатын "Жүк жөнелтілді" мөртабанын қоя отырып кедендік ресімдеу жүргізіледі.

35. Қазақстан Республикасының аумағы арқылы үшінші елден транзитпен өтетін, ИКТ рәсімі бойынша ресімделген жүктер баратын жері бойынша жөнелтіледі, ал ЖБҚ жүктің Қазақстан Республикасының кедендік аумағы арқылы өткендігі туралы растау үшін кеден органының тиісті бөліміне беріледі.

Жүктердің Қытай Халық Республикасына/нан транзиті кезінде "Достық"



бекетінің өсімдіктердің карантині жөніндегі инспекторы және ветеринарлық инспектор транзиттік жүкке фитосанитарлық және ветеринарлық сертификаттардың, Қазақстан Республикасы Өсімдіктердің карантині жөніндегі бас мемлекеттік инспекторының немесе оның орынбасарының (транзитке импорттық карантиндік рұқсат тек тұқымдық және отырғызылатын материалға ғана беріледі, қалғандары экспорттаушы елдің фитосанитарлық сертификатымен алып жүріледі), Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік ветеринарлық инспекторының немесе оның орынбасарының транзитке арналған рұқсатының, импорттаушы мемлекеттің орталық мемлекеттік ветеринарлық органдарының транзиттік рұқсаттарының болуын, жүк атауының, салмағының, орамының және мөлшерінің ұсынылған құжаттарға сәйкестігін тексереді.

Транзиттік жүктердің ұсынылған құжаттарға сәйкестігі белгіленген кезде "Достық" бекетінің өсімдіктердің карантині жөніндегі инспекторы және ветеринарлық инспекторы жүктерді, көлік құралдарын тексеруді жүргізгеннен және әкелінетін жүктерді белгіленген нысанда тіркегеннен кейін ілеспе құжаттарға "Транзитке рұқсат етілді. Соңғы түсу пунктінде карантиндік тексеруге жатады" және "Транзитке рұқсат етілді" деген мөртабандарды қояды.

Транзиттік жүктің ұсынылған құжаттарға сәйкес келмеуі анықталған, сондай-ақ оның өсімдіктердің карантині және ветеринария саласындағы заңдардың талаптарын бұза отырып транзиті жағдайында өсімдіктердің карантині жөніндегі инспектор және ветеринарлық инспектор жүк иесінің қаражаты есебінен заңдарда белгіленген тәртіппен жүкті экспорттаушы елге қайтару немесе оларды зарарсыздандыру (фумигация, зиянсыздандыру) жөніндегі шараларды қабылдайды және бұл туралы кеден органының, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі "Қазақстан темір жолы" Ұлттық компаниясы" Акционерлік қоғамының "Достық" станциясының, ЖБӨП жауапты лауазымды адамына хабарлайды.

36. Станцияға осы Ережені бұза отырып қабылданған жүктердің немесе оларға қатысты қосымша құжаттар қажет жүктер келіп түскен жағдайда кеден органының лауазымды адамы тасымалдау құжаттарына "Әкетуге тыйым салынады" деген мөртаңба соғады. Станция (беру кеңсесінің) қызметкерлері жүк жөнелтушіге жүктің ұсталғандығы туралы уақтылы хабарлауы қажет. Кеден органының лауазымды адамы мұндай шешім қабылдау үшін негіздеме көрсетілетін жүк пен тауарға ілеспе құжаттарды станцияға (беру кеңсесіне) қайтару туралы акт жасайды және шешім қабылдайды. Көрсетілген белгілер кеден органы лауазымды адамының жеке номерлік мөрімен расталады. Мұндай жағдайда станция (беру кеңсесінің) қызметкерлері жалпы нысандағы (ГУ-23) актіні жасайды және жүкті УСК-ға (болған жағдайда) орналастырады немесе мұндай қоймаларға іс жүзінде орналастырмастан (станцияның жолдарына қоя

отырып) жүктің сақталуы үшін жауаптылықта болады.

Жүкті жеткізу мерзімі кедендік ресімдеуді аяқтау және жүкті шығару туралы шешім қабылдау үшін қажетті уақытқа созылады. Мұндай жағдайда теміржол көлік құралдарының тұрғаны үшін, уақытша сақтау қоймаларын пайдаланғаны үшін шығындарды жүк жөнелтушіден, экспедитордан алады.

37. Ұсталған жүктер бойынша құжаттарды, мәліметтерді және қосымша ақпаратты тексеру "Достық" станциясына келген сәттен бастап мүмкіндігінше қысқа мерзімде, бірақ Кодекстің 440-бабында белгіленген он тәуліктен кешіктірілмей аяқталуы тиіс.

Баратын кеден органының атына сұрау салулар тексеруге жататын қосымша мәліметтер мен ақпараттарды анықтау үшін жедел түрде жіберіледі.

Жөнелтуші кеден органдары "Достық" кеденіне тексеру үшін барлық қажетті ақпараттарды сұрау салуды алғаннан кейін үш күннен кешіктірмей жіберуге міндетті.

38. Ақпаратпен жедел алмасу жасау үшін теміржол кеден органына ведомстволық телеграфтық және телефон байланыстарымен пайдалануға көмек көрсетеді.

39. Кеден органының лауазымды адамдары кедендік және тасымалдау құжаттарын тексергеннен кейін жүкті шекара арқылы өткізу туралы түпкілікті шешім қабылдайды. Мұндай шешім қабылданғаннан кейін беру тізімдемесінің екі данасына да және тауар-көлік жүк құжаттарына кеден органы лауазымды адамының жеке номерлік мөрімен расталатын "Шығаруға рұқсат етіледі" м ө р т а ң б а с ы н қ о я д ы .

Тауарға ілеспе құжаттар "Шығаруға рұқсат етіледі" мөртаңбасымен (шығару күні көрсетіле отырып инспектордың жеке номерлік мөрімен расталған) беру кеңсесінің қызметкерлеріне қайтарылғаннан кейін теміржол станциясы (беру кеңсесі) жүктерді баратын жеріне жөнелтуді қамтамасыз етуге тиіс, бұл шекаралық қызметтің лауазымды адамдары үшін шекара арқылы өткізуге негіздеме болып табылады.

40. Жүкті шекарадан шығару туралы шешім қабылданғаннан кейін тасымалдау және тауарға ілеспе құжаттар беру тізімдемесін жасайтын теміржол станциясының қызметкерлеріне қайтарылады. Беру тізімдемесі 2 данада жасалады және бақылап тексеру үшін кеден органына беріледі. Тексеру аяқталғаннан кейін беру тізімдемесінің белгі қойылған бір данасы станция қызметкерлеріне қайтарылады.

Кеден органында беру тізімдемесінің көшірмесі, жүкпен келген ЖКД-ның төртінші парағы қалдырылады.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінен ЖКД-ның төртінші парағынсыз келген экспорттық жүктерді кедендік ресімдеуге тауар-көлік құжаттарына

жөнелтуші кеден органы қойған кедендік белгілер (кеден инспекторының жеке номерлік мөрімен расталған ЖКД N, "Шығаруға рұқсат етіледі" мөртаңбасы) болған кезде жол беріледі. Бұл ретте тауарлардың Қазақстан Республикасынан іс жүзінде әкетілуі туралы журналда ЖКД номері көрсетілгеннен кейін, "Жоқ" деген белгі қойылады.

41. Алдын ала кедендік ресімдеу аяқталғаннан кейін, жүк құрамы қорытынды шекаралық және кедендік тексеруге "А" және "Д" паркіндегі қабылдау-жөнелту ж о л д а р ы н а ж і б е р і л е д і .

Локомотив толық тоқтағаннан кейін шекаралық және кеден нарядтары теміржол құрамын тексеруге кіріседі. Поезд бригадасының құрамы теміржол басшылығы белгілеген мөлшерден, яғни 3 қызметкерден аспауы тиіс.

Локомотивті тексеру кезінде машинист кеден органы мен шекаралық қызметтің лауазымды адамдарына көмек көрсетеді және олардың талап етуі бойынша тексеру үшін көрсетілген жерлерді ашуға міндетті.

Машинистің қол жүгі локомотивте тексеріледі. Егер локомотивте поезд бригадасының бірнеше адамы шекарадан өтетін болса онда локомотивте тек машинист қалады, қалғандары тексеру уақытында "А" және "Д" парктерінде белгіленген жерлерде шекаралық және кедендік бақылаудан өту үшін ( жолаушылар декларациясын толтыру, қол жүгін және жол жүгін тексеру үшін) жол жүгімен локомотивтен кетеді.

42. Жылжымалы құрамды алып жүруші қабылдаушы-тапсырушы кеден органының лауазымды адамына құрамға арналған құжаттарды ұсынады. Құжаттарды ақырғы бақылау "А" және "Д" парктерінің аумағында жүзеге асырылады. Құжаттарды тексергеннен кейін кеден органының лауазымды адамы шекаралық нарядпен және қабылдаушы-тапсырушымен бірге теміржол құрамын көзбен көріп тексеруге кіріседі, құрамның басынан және бір мезгілде екі жағынан да вагондардың номерлерінің сәйкестігін (беру тізімдемесі бойынша) және пломбалардың сақталуын тексереді. Теміржол көлік құралдарын тереңдетілген кедендік тексеру "А" және "Д" парктерінде N 1, 2, 3 терминалдарда , N 1, 3, 4 ашық алаңдарда жүргізіледі.

43. Тасымалдау құжаттарында кеденнің рұқсат беруші мөртабанынсыз жүктерді "Достық" станциясынан Қытай Халық Республикасына жөнелтуге қатаң түрде тыйым салынады. Аталған жүктерді кеден органын хабардар етпей шығарған жағдайда теміржол Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

44. Шекаралық және кедендік тексеру аяқталғаннан кейін машинистке құрамды одан әрі Қытай Халық Республикасына жөнелту үшін ЖӨБП нарядының алып жүруімен "Т" паркіне жөнелтуге рұқсат беріледі.

45. Кедендік ресімдеу мен бақылауға берілген уақытты тиімді пайдалану үшін "Достық" станциясының кезекшісі "Ақтоғай" және "Бескөл" станцияларынан "Достық" станциясына жөнелтілген құрамдар бойынша ақпаратты жүктің сипаты мен көлік құралдарының мөлшерін көрсете отырып алдын ала ұсынуы тиіс.

#### **4. "Достық" кеденінде ресімделген жүктерді Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге әкету**

46. Жүктерді теміржол бойынша тасымалдауға тапсырғанға дейін жүк жөнелтуші жоспарланған жүк тиеу күніне дейін бір тәулік бұрын кеден органына мынадай құжаттарды ұсынуы тиіс:

1) кедендік бақылау мақсаттары үшін жүк құжатының қосымша данасын қоса бере отырып Тасымалдау ережесіне сәйкес (теміржол жүк құжатының және вагондардың номерлерін көрсетпестен) толтырылған тауарға ілеспе құжаттар;

2) келісім-шарт, лицензия, рұқсат, радиологиялық қорытынды және мәлімделген кеден режиміне сәйкес мүмкін болатын жүктерді шығару туралы шешім қабылдауға мүмкіндік беретін өзге де құжаттар.

47. Кеден органының лауазымды адамы ұсынылған құжаттарды тексереді және мүмкін болатын жүктерді шығару туралы шешім қабылдайды. Оң шешім болған кезде жүк құжатының бірінші данасында жүк атауының астына "Тиеуге рұқсат етіледі" деген мөртаңба соғады немесе қолмен соған ұқсас жазба жасайды және аталған жазбаны жеке номерлік мөрімен растайды, сондай-ақ жүк құжатының қосымша данасының сол жақ жоғарғы бұрышына "Кеденге арналған дана" деген белгі қояды.

48. Жүкті вагондарға тиеудің алдында тиеуге бақылауды жүзеге асыратын "Достық" станциясының қабылдаушы-тапсырушылары кеден органына белгіленген тәртіппен жүкке арналған вагон парақтарын және инвойстарды береді. "Тиеуге рұқсат етіледі" мөртаңбасының негізінде теміржол қызметкерлері белгіленген тәртіппен жүк құжаттарына бұрыштама соғады және жүкті тиеу үшін тасымалдау құралдарын бөледі. Тиеу тауардың тауарға ілеспе құжаттарға сәйкес болуын тексеретін және кедендік бақылау аймағына бөгде адамдардың енуін болдырмауды қамтамасыз ететін кеден органы лауазымды адамдарының болуымен, станция қызметкерлерінің және тауарлық-материалдық құндықылықтардың ұрлануымен келтірілген залал үшін жауаптылықта болатын жүк иесінің немесе оның өкілінің қатысуымен жүзеге асырылады.

Жүк салмағын анықтауға байланысты мәселелер туындаған кезде кеден органының лауазымды адамы осы Ереженің 27-тармағының негізінде іс-әрекет жасайды.

49. Жүкті тасымалдау құралына тиегеннен кейін жүк жөнелтуші кеден органына ЖКД-ны, тасымалдау және кедендік ресімдеу мен бақылау үшін қажетті өзге де құжаттарды ұсынады.

50. "Достық" кеденінің лауазымды адамдары жүкті белгіленген мерзімдерде кедендік ресімдеуден өткізеді және жүкті шекарадан шығару туралы шешім қабылдайды. Кеден органының шешімі халықаралық теміржол жүк құжатындағы және жүк құжатының қосымша данасындағы "Кеден белгілері" бағанындағы "Шығаруға рұқсат етіледі" мөртаңбасымен расталады. Аталған құжаттардың оң жақ жоғарғы бұрышына ЖКД номері қойылады. Ақпаратпен алмасу және статистикалық есеп беру мақсатында шекара маңындағы кеден органында инвойстың көшірмесі қалдырылады.

Кеден қызметкерлері "Шығаруға рұқсат етіледі" деген мөртаңбасы бар тауарға ілеспе құжаттарды теміржол станциясының қызметкерлеріне қайтарғаннан кейін көлік құралдарының тұруы үшін теміржол жауапты болады.

51. Кеден органының мөртаңбалары бар тасымалдау құралдары Жүктерді тасымалдау ережесіне сәйкес тасымалдауға қабылдау үшін теміржол станциясына беріледі.

Тасымалдау құжаттарындағы кеден органының рұқсат беретін мөртаңбаларынсыз жүктерді станциядан жөнелтуге қатаң түрде тыйым салынады.

Жүктерді Қазақстан Республикасынан әкету кезінде өсімдіктердің карантині жөніндегі инспектор және ветеринарлық инспектор экспорттық жүкке фитосанитарлық сертификаттың және ветеринарлық куәліктің, зертханалық сараптамадан өту күні мен номері белгісінің, Қазақстан Республикасы бас мемлекеттік инспекторының немесе оның орынбасарының оның экспортына рұқсатының, импорттаушы мемлекеттің орталық мемлекеттік ветеринарлық органдарының транзиттік рұқсаттарының болуын, жүк атауының, салмағының, орамының және мөлшерінің ұсынылған құжаттарға сәйкестігін, тасымалдау шарттарының сақталуын тексереді.

Әкетілетін жүктің ұсынылған құжаттарға сәйкестігі белгіленген кезде "Достық" бекетінің өсімдіктердің карантині жөніндегі инспекторы және ветеринарлық инспекторы оны белгіленген тәртіппен тіркейді.

Бекеттің өсімдіктердің карантині жөніндегі инспекторы және ветеринарлық инспекторы жүктерді, көлік құралдарын тексеруді жүргізгеннен және Қытай Халық Республикасына әкетілетін жүктерді тіркегеннен кейін ілеспе құжаттарға "Карантиндік өнімдерді (жүктерді) әкетуге рұқсат етілді. Соңғы түсу пунктінде карантиндік тексеруге жатады" және "Әкетуге рұқсат етілді" деген мөртаңбаларды қояды.

Ветеринарлық инспектор ветеринарлық куәліктің орнына Қазақстан

Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес ветеринарлық сертификат береді. Ветеринарлық куәліктің орнына берілетін ветеринарлық сертификаттың түбіртегі бекеттің ветеринарлық инспекторында қалады.

Өсімдіктердің карантині және ветеринария саласындағы заңдардың талаптарын бұзу анықталған жағдайда өсімдіктердің карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор және ветеринарлық инспектор жүктерді республикадан тысқары әкетуге жол бермеу және оны жүк иесіне қайтару жөніндегі шараларды қабылдайды.

## **5. Жүктің барар жерін өзгерту кезіндегі кедендік ресімдеу**

52. Баратын станциясын немесе кедендік жүкті шығаруға кез-келген өзгерісті (барар жерін өзгерту) барар жерін өзгертуді талап ететін жүк қызмет аймағында тұрған кеден органының жазбаша рұқсаты болған кезде Жүктерді тасымалдау ережесінде белгіленген тәртіппен теміржол жүргізеді.

53. Теміржол жүк иесінен "Теміржол көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Жүктерді тасымалдау ережесіне сәйкес барар жерін өзгерту туралы өтінішті нормативтік құқықтық кесімдерге және халықаралық келісімдерге сәйкес қабылдайды.

54. Барар жерін өзгертуге (ТМД елдері бойынша немесе Қазақстан Республикасының ішінде) рұқсат теміржолдың тиісті лауазымды адамының барар жерін өзгерту тек кеден органының рұқсаты болған кезде ғана мүмкін екені көрсетілетін бұйрығымен ресімделеді.

Барар жерін өзгерту туралы бұйрық жүк тұрған станцияға белгіленген тәртіппен беріледі. Станцияның қызметкерлері теміржолдың барар жерін өзгерту туралы бұйрығының негізінде жүкпен келген құжаттарды қайта ресімдейді және қызмет аймағында станция тұрған кеден органына жүктерді кедендік қатынаста қайта ресімдеу қажеттігі туралы хабарлайды.

55. Жүктерді бір көлік түрінен екінші көлік түріне аудару қызмет аймағында аудару жүзеге асырылатын кеден органының бақылауымен жүзеге асырылады. Аудару мен бақылау тәртібі кеден органының және теміржолдың бірлескен технологияларымен белгіленеді. Жүктерді аудару кезінде кеден органының бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамы ЖКД-ға, ЖБҚ-на тиісті өзгерістер енгізеді және оларды жеке номерлік мөрімен растайды. Жүктерді аудару тек кеден органының рұқсатымен ғана және кеден органы лауазымды адамының қатысуымен, сондай-ақ теміржол өкілінің және жүк иесінің немесе жүк өкілінің сенімді адамының болуымен жүргізіледі.

56. Бағыттан бір жүк құжатымен келе жатқан жекелеген вагондардың немесе топтың барар жерін өзгертуге жол берілмейді.

57. Егер одан әрі тасымалдау (жүктерді көршілес теміржолдарға, порттарға беру) үшін кедергілер туындаса онда қызмет аймағында жүк тұрған кеден органының арнайы рұқсаты бойынша осы кеден органының қол қоюмен және жеке мөрмен расталатын жүкті Қазақстан Республикасынан тысқары әкетуге рұқсат беретін кедендік мөртаңбалар мен белгілердің күшін жоюы арқылы жүкті тасымалдауға тыйым салынады. Бұл ретте тасымалдаудың күшін жоятын кеден органы ол туралы жөнелтуші кеден органын хабардар етеді.

58. Кедендік жүктердің барар жерін өзгертуге байланысты жағдайлардың салдарынан туындаған кеден органының және теміржолдың қосымша шығындарын жүк иесі, жүк алушы, жүк жөнелтуші немесе экспедитор өтейді.

59. Кедендік бақылаудағы және Қазақстан Республикасының кеден органдарының арасында шетелдік мемлекеттердің аумағы арқылы транзитпен өтетін әрі Қазақстан Республикасының жүк иелерінің меншігіне жататын жүктердің барар жері шетелдік мемлекеттердің аумағында Қазақстан Республикасының кеден органдарының рұқсатынсыз өзгертілмейді.

60. Барар жерін өзгертуді ресімдеу үшін жүк иесі кеден органына жүктің барар жерін өзгерту туралы өтінішті және басқа баратын станцияға жүктің барар жерін өзгерту қажеттігін растайтын құжаттарды ұсынады. Егер жүкті барар жерін өзгерту станциясындағы кеден органы ресімдеген және еркін айналымға шығарған жағдайда кеден органынан қосымша рұқсаттар талап етілмейді.

Жүктің барар жерін өзгерту кеден органына мынадай құжаттарды ұсынған кезде жүргізіледі:

- 1) кеден органы бастығының атына жазылған өтініш;
- 2) жөнелтуші кеден органына барар жерін өзгертуге рұқсат;
- 3) жеткізуші фирманың алушы нысанының (ТМД) өзгергендігі туралы растауы;
- 4) алушы ұйымның (фирманың) себептері көрсетілген тауардан бас тартуы;
- 5) сатып алу/сатудың не айырбастаудың жаңа сыртқы сауда шарты, келісім не тауарды жеткізуге билік ету немесе пайдалану құқығына арналған өзге де құжат;
- 6) белгіленген тәртіппен ресімделген ЖКД ұсынуы;
- 7) кедендік ресімдеу үшін қажетті құжаттардың тізбесі;
- 8) кедендік төлемдердің төленуін қамтамасыз ету.

Вагондардың номерлері мен салмақтары өзгерген кезде жаңа ЖКД толтыра отырып жаңа транзиттік құжаттар ресімделеді.

61. Кеден органының лауазымды адамдары жүкті қайта ресімдеу кезінде мынадай операцияларды жүзеге асырады:

- 1) жөнелтуші және баратын кеден органын жүкті жеткізу туралы және оның басқа кеден органына баратын болып өзгеру туралы хабардар етеді;
- 2) жөнелтуші кеден органының бағыттаушы мөртаңбасының күшін жояды

және жаңа бағыттаушы мөртаңба соғады;

3) жүктің жаңа баратын кеден органына кедендік бақылаумен жеткізілуіне бақылау жасайды.

## **6. Радиациялық фонының артықтығы себебі бойынша Қытай Халық Республикасынан қайтарылатын вагондарды кедендік тексеру мен кедендік ресімдеу**

62. Тауарлар мен көлік құралдарын тікелей "Достық" кеденінің қызмет аймағында кедендік ресімдеу кезінде "Дружба" станциясында радиациялық бақылауды "Достық" кеденінің қызметкерлері әрбір вагонға жүк тиеу кезінде жылжымалы дозиметрлік құралдармен жүзеге асырады. Өлшеулердің нәтижелері бойынша дозиметрлік бақылау хаттамасы мен радиоактивтік ластанудың жоқтығы туралы анықтама жасалады.

Қазақстан Республикасынан Қытай Халық Республикасына тасымалданатын транзиттік тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу мен кедендік бақылауды "Достық" кеденінің инспекторлары Қазақстан Республикасы санитарлық-эпидемиологиялық қызметі (бұдан әрі - СЭС) беретін рұқсат ету құжаттарын тексеру нысанында, яғни дозиметрлік бақылау хаттамасы және радиоактивті ластанудың жоқтығы туралы анықтама нысанында, тауарға ілеспе құжаттарға рұқсат ету мөртабандарын қоя отырып, сондай-ақ стационарлы түрде тұрақты жұмыс істейтін "ЯНТАРЬ-1Ж", "ЯНТАРЬ-2Ж", "ЯНТАРЬ-2У" радиациялық бақылау жүйелерінің көмегімен жүзеге асырады. Қазақстанның кеден шекарасынан өтетін барлық тауарлар мен көлік құралдары оларда радиоактивті материалдардың (бұдан әрі - РМ) бар-жоқтығы нысанасына т е к с е р і л у і т и і с .

Ауысымның басында бөлінетін радиоактивті материалдарды кедендік бақылау бөлімнің (бұдан әрі - БРМ КББ) радиациялық қауіпсіздікке жауапты қызметкері "ЯНТАРЬ" жүйелерінің жарамдылығына көз жеткізуі тиіс. Жүйе жарамсыз болған жағдайда, кеден органының бастығы уәкілетті орталық кеден органын бұл туралы жедел хабардар етуге және дозиметрлік бақылаудың жылжымалы құралдарының көмегімен радиациялық бақылау жүргізуді ұ й ы м д а с т ы р у ғ а м і н д е т т і .

Радиациялық тексеру жүргізу үшін темір жол құрамы жүйе тұғырларының арасымен 25 км/сағаттан аспайтын, ал автомобиль көлігі 5 км/сағаттан аспайтын жылдамдықпен қозғалуы тиіс.

Объект (көлік құралы) болған жағдайда жүйе "Дабыл" режимінде жұмыс істеген кезде, оның жалған еместігіне көз жеткізу қажет. Ол үшін жылжымалы радиациялық бақылау құралымен объектіні (темір жол көлік құралы) қайталап



өлшеуді жүргізу қажет. Автомобиль көлік құралы үшін "ЯНТАРЬ-2У" жүйесінің көмегімен қайталап өлшеуді (5-10 минуттан кейін) жүргізу жеткілікті. Егер жүйенің іске қосылуы расталмаса, онда объект (көлік құралы) одан әрі ресімдеуді жүзеге асыру үшін өткізіледі, ал жүйенің іске қосылуы жалған болып саналады және тиісті жазба жасалады.

Егер "ЯНТАРЬ" жүйесі "Дабыл" режимінде объектісіз іске қосылған жағдайда, объектінің жоқтығы туралы белгі соғылған жазба жасалады.

Бастапқы радиациялық бақылау жүргізу кезінде құрылыс материалдарының, минералды шикізаттың, тыңайтқыштың, кеннің және басқа да пайдалы қазбалардың, сондай-ақ олардан дайындалған бұйымдардың, мысалы, қыш бұйымдарының, санитарлық фаянстың радиациялық жоғары фоны болатындығын ескеру қажет, ол стационарлық анықтау жүйесінің іске қосылуына әкеп соқтыратынын ескеру қажет.

Аталған тауарларды әкелу, әкету және транзиті кезінде олармен бірге радиациялық қауіпсіздік сертификатының немесе радиациялық фактор жөніндегі гигиеналық қорытындының көшірмесі немесе екінші данасы ұсынылады.

Егер объектіні қайталап тексеру кезінде жүйенің іске қосылуы расталса, жүктің ілеспе құжаттарында бөлінетін радиациялық материалдардың (бұдан әрі - БРМ) барлығы туралы белгінің бар-жоқтығын анықтау қажет.

Ілеспе құжаттарда жүкте БРМ-ның барлығы туралы ақпарат болмаған жағдайда, аталған факт БРМ-ны кеден шекарасы арқылы заңсыз өткізу ретінде бағаланады және кеден қызметкері:

- 1) іске қосылу уақытын тіркеуге;
- 2) көлік құралының жеке тұраққа (тұғырға) орналасуын ұйымдастыруға және оған бөгде адамдардың баруын болдырмауға;
- 3) аталған факт туралы кеден бастығына немесе оның орнындағы адамға б а я н д а у ғ а ;
- 4) жылжымалы дозиметрлік бақылау құралының көмегімен жүкке, көлік құралына және жүкті өткізуші жеке тұлғаға қосымша радиациялық бақылау жү р г і з у г е м і н д е т т і ;
- 5) кеден органының бастығы анықталған сәттен бастап 2 сағаттың ішінде РМ заңсыз өткізудің анықтау фактісі туралы ақпаратты уәкілетті орталық кеден органына жіберуге м і н д е т т і .

Терең радиациялық тексеру жүргізу қажеттігін айқындайтын ден қою өлшемі ретінде кедендік бақылау аймағында 0,5 Нф, яғни  $N_{\text{өзг.}}=1,5$  Нф шамасына өлшенген табиғи фон мәнінде объектінің бетіндегі гамма-сәулелену дозасы қуаты үш өлшемінің орташа арифметикалық мәнінің артық шамасын қабылдау ұ с ы н ы л а д ы .

Қара және түсті металдар сынықтарын қосымша радиациялық тексеру кезінде

1-кестеде (қосымша) ұсынылған нормативтерді басшылыққа алу қажет.

"ЯНТАРЬ" жүйесінің іске қосылу өлшемдерін және қосымша радиациялық бақылау нәтижелерін талдағаннан кейін кеден бастығы мына шешімдердің бірін қ а б ы л д а й д ы :

- 1) тауарларға қосымша немесе терең радиациялық тексеру жүргізу;
- 2) тауарларға мамандандырылған зертханада сараптама жүргізу;
- 3) тауарды аймақтық тексеру және зерттеу орталығына кедендік қамтамасыз етумен көшіру.

63. Жеке тұлғалар мен олардың жол жүгін радиациялық бақылау жылжымалы дозиметрлік құралдарының көмегімен жүргізіледі. Бұл ретте сәулелену көзін оқшаулауды жеңілдететін бірқатар ерекшеліктерді ескеру қажет, атап айтқанда:

1) бақылау объектісі жеке тұлғаны және жол жүгінің шағын орнын қамтиды, бұл жүйелі өлшеулер жолымен сәулелену көзін жедел оқшаулауға мүмкіндік б е р е д і ;

2) жоғары деңгейлі иондаушы сәулеленуі бар жол жүгінің иесіне сауалнама жүргізу мүмкін болатын сәулелену көзі туралы ақпаратты нақтылауға мүмкіндік б е р е д і .

Техникалық радиациялық бақылау құралдарының іске қосылу себептері кейбір жағдайларда айырықша медициналық тексеруден немесе емдеуден өткен жолаушылардың тікелей өздері болуы мүмкін. Бұл жағдайда:

1) жолаушыдан радиофармпрепараттармен емдеу курсынан өткендігі туралы, жүрекке кардиостимулятор қоюмен байланысты операция жасалғандығы туралы а у ы з ш а с ұ р а у ;

2) жылжымалы дозиметрдің көмегімен жолаушының денесі және сырқат органының (қалқанша без, жүрек) баламалық дозаның қуатын (бұдан әрі - БДК) ө л ш е у қ а ж е т .

Радиациялық бақылаудың нәтижелері бойынша жолаушыны Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу туралы шешім қабылданады. Өлшемдер жолаушы денесінің аталған бөліктерінде жоғары деңгейлі сәулеленудің бар екендігін растайды, бұл емдеу жүргізілгендігі туралы растайды. Радиациялық қауіпсіздік нормаларына (РҚН-99) сәйкес оған терапевтік мақсатпен радио-фармацевтикалық препараттар егілген пациенттен 1м қашықтықтағы гамма-сәулелену мөлшерінің қуаты радиологиялық бөлімшеден шығу кезінде 3 мкЗв/сағат аспауы тиіс.

Өлшемдердің нәтижелері өткізілген емдеу курсына бір жақты растау бермеген жағдайда, кеденнің тиісті лауазымды адамының рұқсатымен заңнамаға қатаң сәйкестікте БРМ КББ инспекторының қатысуымен жолаушыны жеке тексеру жүргізіледі.

64. Қытай Халық Республикасынан ласталған жүктерді қайтару Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі мен Қытай Халық Республикасы Темір жол министрлігінің шекара маңындағы темір жол аралас комиссияларының хаттамаларында (бұдан әрі - Хаттама) белгіленген тәртіппен, Қазақстан Республикасы тиісті қызметтерінің қатысуымен және рұқсат ету құжаттары болған жағдайда жүзеге асырылады.

Темір жол (беру кеңселері) қызметкерлері ласталған тауарлар мен көлік құралдарының анықталу фактілері туралы "Достық" станциясының басшылығын хабардар етуге тиіс. "Алашанькоу" станциясының басшылығымен вагондарды қайтару мерзімін келіскеннен кейін, "Достық" станциясының бастығы белгіленген тәртіппен уәкілетті темір жол органының басшылығын және оның барлық қызметтерін хабардар етеді, "Достық" кедені, "Дружба" ЖБӨП басшылығын, сондай-ақ барлық жергілікті бақылаушы органдарды, жөнелтуші және жүк жөнелтуші станцияны дайындалып жатқан қайтару туралы алдын ала х а б а р д а р е т е д і .

Радиациялық ласталған тауарлары бар көлік құралдары стационарлық қондырғыда анықталған жағдайда 24 сағаттың ішінде және қайта тиеу алаңында анықталған жағдайда 4 тәуліктің ішінде "Достық" кедені радиациялық бақылау бөлімінің қызметі растаған және қорытындыны ресімдеген сәттен бастап Хаттамаларға сәйкес "Достық" станциясына қайтарылуға жатады.

"Достық" кеденінің лауазымды адамдары "Достық" станциясы темір жол өкілдерінің қатысуымен дозиметрлік бақылау хаттамасын жасайды. Бір данасы "Достық" кеденінің лауазымды адамында қалады, екіншісі тауарға ілеспе құжаттарға қоса беріледі. "Алашанькоу" станциясындағы "Достық" станциясының қабылдаушы-тапсырушысына "Достық" кедені лауазымды адамдарының қорытындысынсыз Қытай жағынан қайтарылған радиациялық ласталған тауарлары бар вагондарды қабылдауға қатаң түрде тыйым салынады.

65. Санитарлық-карантиндік пункттің лауазымды адамдары өздеріне жүктелген міндеттерді орындау кезінде шекара маңындағы "Достық" станциясында өз қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

66. Қазақстан Республикасының кеден аумағына Қытай Халық Республикасынан қайтарылған вагондарды әкелу кезінде құраммен бірге жүретін қабылдаушы-тапсырушы кеден органының лауазымды адамына қайтарылған вагондарға арналған тауарға ілеспе құжаттарды ұсынады. Қытай Халық Республикасынан қайтарылған вагондарды қайталап дозиметрлік бақылау тауарды шығаруды жүзеге асыратын мүдделі бақылаушы қызметтердің қатысуымен тауарды түсіру орнында жүргізіледі.

Вагондарға арналған құжаттарды алдын ала ресімдеу "Т" паркінің аумағында

жүргізіледі. Тауарға ілеспе құжаттарға жүктерді қайтару туралы акт және Қазақстан Республикасының тиісті қызметтері беретін радиологиялық қорытынды қоса берілуі тиіс. Құжаттарды тексеру кезінде кеден органының лауазымды адамы қабылдаушы-тапсырушымен бірлесіп жоғарыда көрсетілген актілердің бар-жоқтығын, вагондар нөмірлерінің сәйкестігін тексереді, вагондардың қайтарылу себептерін нақтылайды. Актілер болмаған жағдайларда, одан арғы шешімді қабылдау үшін кеден органының басшылығын жедел х а б а р д а р е т е д і .

"Достық" кеденінің лауазымды адамы вагонға кедендік тексеру жүргізгеннен кейін тауар-көлік құжатына мынадай өзгерістер мен жазбалар енгізеді: вагондардың нөмірлерін, жүктерді жөнелтуші мен алушының заңды мекен-жайын, қайтарылу себептерін көрсете отырып, кейіннен қайтарылған вагондарды тіркеу журналына белгі соғу арқылы жеке нөмірлік мөрімен расталатын "Шығаруға тыйым салынады" мөртабанын қою немесе осындай жазбаны қолмен жазу арқылы "Шығаруға рұқсат етіледі" мөртабанының күшін жояды. "Т" паркінде алдын ала кедендік және шекаралық тексеру аяқталғаннан кейін бақылаушы қызметтер мен "Достық" кеденінің шешімі бойынша вагондары бар құрам "Достық" станциясына жіберіледі.

67. Қайтарылған вагондар "Достық" станциясына келгеннен кейін өндірістік процесте пайдаланылмайтын арнайы бөлінген орындарға жіберіледі, радиациялық фоны 300 мкР/сағат астам деңгейлі вагондардың бүйір қабырғаларына "Достық" станциясының қызметкерлері радиациялық қауіптілік белгілерін іледі. Вагондар көрсетілген аумақта кедендік рәсімдер аяқталғанға дейін болуы тиіс. Станцияның (беру кеңселерінің) қызметкерлері жалпы нысандағы акт ресімдейді, түсіру станцияларына вагондардың келгендігі туралы телеграмма және жүк жөнелтушілерге жүкті қайтару немесе баратын жеріне жөнелту (дезактивациядан кейін) жөніндегі мәселені шешу үшін "Достық" станциясына келу қажеттілігі туралы хабарлама жібереді, құжаттар ІКТ рәсімі бойынша ресімдеу үшін кеден органына беріледі.

Егер жүк радиациялық фонының деңгейі бойынша 1996 жылғы 5 сәуірдегі Темір жол көлігі жөніндегі кеңестің 15-мәжілісінде бекітілген Қауіпті жүктерді темір жолмен тасымалдау ережесін (бұдан әрі - Қауіпті жүктерді темір жолмен тасымалдау ережесі) шарттарына түссе, онда тасымалдау құжаттарын "радиация" белгісін қоя отырып, беру кеңсесі ресімдейді, натурлы параққа станцияның технологиялық орталығының операторлары "радиоактивті" деген белгі соғады. "Достық" станциясынан радиациялық жүгі бар вагондарды жөнелту станция бойынша кезекшінің (ДН-7) және поезд диспетчерінің бақылауымен және келісімімен жүзеге асырылады.

68. Қытай Халық Республикасынан Қазақстан Республикасының кеден аумағына қайтарылған жүктерді (радиация деңгейі жоғары жүктері бар вагондардан басқа) кедендік ресімдеу "Достық" темір жол станциясының қызметкерлері "Достық" кеденінің лауазымды адамдарын қайтарылған жүктің келгендігі туралы хабардар еткеннен кейін басталады. Хабарлама "Достық" кеденіне тауарға ілеспе құжаттарды ұсыну нысанында беріледі. "Достық" темір жол станциясының қызметкерлері беру ведомостарын, жүктердің "Достық" кеденіне қайтарылғандығы туралы актіні ұсынады. Аталған акт пен беру ведомостары кеденге мәтіннің тиісті аудармасымен ұсынылады.

69. Вагондарды (радиация деңгейі жоғары жүктері бар вагондардан басқа) қайтару себептерін жою мүмкін болмаған жағдайда, вагондар СМГС 3 параграфының 21-бабына сәйкес жөнелту станциясына жіберіледі. Егер жүкті тасымалдауға немесе беруге кедергілер туралы хабарланған жөнелтушіден оған кедергі туындаған станция хабарлама жіберген сәттен бастап 8 тәуліктің ішінде ешқандай нұсқау түспесе немесе орындалуы мүмкін емес нұсқаулар түссе, онда Қазақстан Республикасының темір жолдарында жүкке қатысты қолданылатын ішкі ережелерге сәйкес шаралар қолданылады.

70. Вагондарды жөнелту станциясына қайтару темір жол кеден органының рұқсатымен ғана жүзеге асырылады.

## **7. Қазақстан Республикасының аумағы арқылы әкелу, әкету немесе транзиті кезінде радиоактивті материалдарды кедендік ресімдеу**

71. Кедендік декларацияда мәлімделген деректердің ұсынылып отырған радиациялық жүктегі іс жүзіндегі заттарға сәйкестігін тексеру РМ кедендік ресімдеу мен кедендік бақылау кезіндегі негізгі міндет болып табылады.

72. Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы ядролық материалдарды, радиоактивті изотоптарды, радиоактивтік заттар мен бұйымдарды өткізу арнайы рұқсат ету құжаттары ұсынылған жағдайда жүзеге асырылады.

73. БРМ тасымалдарына кедендік бақылау жүргізу кезінде РМ тасымалдау мынадай құжаттарға сәйкес жүргізілетіндігін ескеру қажет:

1) Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Атом энергетикасы жөніндегі комитеті төрағасының 2002 жылғы 3 қыркүйектегі N 65 бұйрығымен бекітілген, нормативтік-құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1996 болып тіркелген Радиоактивті

материалдарды қауіпсіз тасымалдау ережесі";

2) 2 СМГС қосымшасына сәйкес Қауіпті жүктерді тасымалдау ережесі;

3) Қауіпті жүктерді темір жолмен тасымалдау ережесі.

74. Қауіпті жүктерді темір жолмен тасымалдау ережесіне сәйкес кедендік бақылау жүргізу кезінде көліктік орам кешенінің Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық кесімдерінің талаптарына сәйкестігін тексеру қажет.

75. Орау кешенінде радиациялық қауіпсіздік белгісі, пломба, сондай-ақ орамның қарама-қарсы бүйір беттерінде көлік санатының этикеткасы болуы тиіс.

76. Көлік санатының сәйкестігін тексеру үшін орам бетінен 1 метр қашықтықта МЭД өлшемдерін жүргізу қажет (2-кестеге сәйкес (қосымша).

77. Радиоактивті жүкке кедендік бақылау жүргізу кезінде қауіпсіздік шараларын, оның ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2003 жылғы 31 қаңтардағы N 97 бұйрығымен бекітілген, нормативтік-құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2198 болып тіркелген "Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі санитарлық-гигиеналық талаптардың" санитарлық ережелері мен нормаларында" белгіленген жеке гигиена мен жеке қорғану ережесін қатаң сақтау қажет.

78. РМ тасымалдау ережелерін бұзушылық анықталған немесе рұқсат ету құжаттары болмаған жағдайда кеден органының лауазымды адамы осы факт туралы кеден бастығына хабарлайды.

Жүкпен одан әрі жүргізілетін әрекеттер кеден бастығы мен уәкілетті орталық кеден органы басшылығының бірлескен шешімімен айқындалады.

79. Авариялық жағдай туындаған жағдайда кеден органының, "Достық" темір жол станциясының лауазымды адамдары мен "Дружба" ЖБӨП әскери қызметшілері БРМ өткізумен байланысты авария жағдайындағы іс-шаралар жоспарларына сәйкес әрекет етуі тиіс.

Авариялық іс-шараларға қарсы жоспарға:

1) радиациялық авариялар кезінде ұйымдарға тиісті лауазымды адамдарға және халыққа хабарлау жүйесі;

2) авария туындаған жағдайдағы алғашқы медициналық көмек пен радиацияға қарсы көмек жүйесі;

3) мүмкін болатын оқшаулау жүйесі және сәулелену мен ластану жөніндегі араласу деңгейін қамтитын радиациялық аварияны жоюдың басталуы;

4) аварияға қарсы іс-шараларды іске асыруға қатысатын ұйымдар мен адамдардың міндеттері;

5) барлық лауазымды адамдарға және халыққа қатысты қорғану шаралары кіруі тиіс.

## **8. Жүктерді кедендік тексеру, бірдейлендіру құралдарын салу және алу, ашу актілері**

80. Кеден органдары Кодекстің 447-бабы негізінде Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тасымалдау құралдары мен жүктерге іріктемелі тексеру жүргізеді және өлшенуіне бақылауды жүзеге асырады.

Кедендік тексеру тауарларды бірдейлендіру және ЖКД мен тауарға ілеспе құжаттарда мәлімделмеген тауарларды анықтау мақсатында вагондарды өлшеу, тасымалдау құралдарын және жекелеген жүк орындарының орамдарын ашу жолымен жүргізіледі.

81. Тауарларды кедендік тексеру туралы шешімді Қазақстан Республикасының кедендік заңнамасында айқындалатын тәртіппен кеден органы қабылдайды.

82. Темір жолдар кедендік тексеру жүргізуге кеден органдарына жәрдем көрсетеді.

83. Ерекше жағдайларда кез келген уақытта және бұрын болған кедендік бақылауға қарамастан кедендік тексеру жүргізіледі.

84. Жүктер (Жүктерді тасымалдау ережесіне сәйкес пломбалар салмастан, сондай-ақ ашық жылжымалы құраммен тасымалдау рұқсат етілетін жүктердің тізбесін қоспағанда) кедендік тексеру үшін ашатын жағдайларда кедендік бақылаумен, жүк жөнелтушілердің, темір жолдың пломбаларымен және кеден органының бақылаулық белгісімен тасымалданады.

85. Жүктерді кедендік бақылаумен тасымалдау кезінде салынған пломбаларды тек кеден органдарының лауазымды адамы ғана ала алады. Егер жүктердің жойылу, қайтарымсыз жоғалу немесе елеулі түрде бұзылу қауіпі болатын жағдайларды қоспағанда, кедендік ресімдегеннен кейін пломбаларды жүктің иесі немесе темір жол кеден органы инспекторының және "ӘТЖК" АҚ қызметкерінің қатысуымен алынады.

Кеден органы салынған пломбалар туралы тасымал құжаттарында, кеденнің "Шығаруға рұқсат етіледі" мөртабанының жанына немесе бағыттаушы мөртабанға "жөнелтушінің пломбалары үшін" деген белгі қояды.

86. Пломбаларды алу және тасымалдау құралдары мен жекелеген жүк орындарының орамдарын ашу кезінде станцияның қызметкерлері кедендік тексеру үшін кеден органының лауазымды адамдарымен бірлесіп белгіленген үлгідегі тексеру актісін жасайды.

Тексеру актілері үш данада жасалады және мынадай үлгімен бөлінеді:

- 1) бірінші данасы кедендік тексеруді жүргізуші кеден органында қалады;
- 2) екінші данасы жөнелтуші станцияның қызметкерлеріне беріледі;

3) үшінші данасы тасымалдау құжаттарына қоса тігіледі және баратын станцияға жіберіледі.

Тасымалдау құралдарына жаңа пломбалар салуды темір жол станциясы жүргізеді.

87. Шекаралық бақылау және кедендік тексеру, гигиеналық фитосанитарлық және басқа да тексерулер мақсатында темір жол станцияларында вагондарды, контейнерлерді, автомашиналарды, тракторларды және басқа да өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техникаларды әрбір ашу - ашу актілерімен ресімделеді. Ашу актісін СМГС-ке сәйкес темір жол станциясының қызметкері үш данада жасайды:

1) бірінші дана вагоннан немесе контейнерден алынған пломбаларымен бірге ашу актісіне қоса тігіледі және баратын станциясына дейін бірге жүреді;

2) екінші данасы бастамасы бойынша ашу жүргізілген органға жіберіледі;

3) үшінші данасы тексеру жүргізілген станцияда қалады, жүк құжатына "Темір жол белгілері" деген бағанға ашу актісінің жасалғандығы туралы белгі қойылады.

Белгі қызметкердің қолымен және станцияның күнтізбелік мөртаңбасын қою арқылы расталады.

Вагонды немесе контейнерді ашу актісіне темір жол станциясының қызметкерлері және бастамасы бойынша ашу жүргізілген органдардың (ЖБӨП, кеден, бақылаушы органдар) лауазымды адамдары қол қоюы және станцияның күнтізбелік мөртаңбасымен расталуы тиіс.

Алынған және жаңадан салынған пломбалар туралы мәліметтер жүк құжаттың және вагон парағының тиісті бағандарына жазылады, сондай-ақ жалпы нысандағы актіде көрсетіледі.

Кеден органдарының немесе темір жолдың кедендік бақылау, сондай-ақ басқа да тексеру түрлері кезінде салынған дұрыс пломбалары жөнелтушінің немесе жөнелту станциясының пломбаларына теңестіріледі.

88. Жүкті алушыға беру белгіленген тәртіппен темір жол станциясының қызметкері жасайтын ашу актілерінің мазмұны ескеріле отырып жүргізіледі.

## **9. Авария немесе бөгеусіз күш әсері жағдайындағы бақылау**

89. Егер кедендік бақылаудағы жүктерді тасымалдау кезінде жылжу құрамының жарамсыздығынан, авариядан, бөгеусіз күштің әсерінен, техникалық себептерден тасымалдау құралын пайдалану мүмкін болмаса, темір жол жүктерді қайта тиейді, құжаттарды Жүктерді тасымалдау ережесіне сәйкес ресімдейді. Бұл жағдайда темір жол:



1) тауарлардың сақталуын қамтамасыз ету үшін қажетті барлық шараларды қабылдауға және оларды қандай да бір рұқсат етілмеген пайдалануға жол бермеуге ;

2) істің жағдаяттары, тауарлар мен көлік құралдарының тұрған жері туралы кеден органын жазбаша нысанда жедел хабардар етуге;

3) тауарлардың жақын кеден органына тасымалдануын немесе кеден органының лауазымды адамдарын тауардың тұрған жеріне жеткізуді қамтамасыз етуге міндетті .

Баратын кеден органы немесе шекаралық кеден органы үшін жүкті кедендік бақылау мақсатында Қазақстан Республикасынан әкету кезінде тасымалдау құжаттарына жалпы нысандағы актінің (ГУ-23) қосымша данасы қоса тігіледі.

90. Тез бөлінетін жүктерді одан әрі тасымалдау мүмкін болмайтын жағдайда темір жол жүктердің бүлінуін болдырмау шараларын қабылдайды және бұл туралы жақын кеден органын хабардар етеді. Кеден органы Жүктерді тасымалдау ережесінде және Халықаралық келісімдерде белгіленген сақтау мерзімдері ішінде көрсетілген жүктерді кедендік ресімдеу үшін жедел шаралар қабылдайды.

91. Нәтижесінде табиғи ортаға, адамдардың өмірі мен денсаулығына нақты қауіп төндіретін қауіпті жүктерді одан әрі тасымалдау мүмкін болмайтын жағдайда темір жол мұндай жүктерге өз бетімен билік етуі мүмкін. Мұндай жағдайларда темір жол бұл туралы жақын орналасқан кеден органын жазбаша нысанда хабардар етуге міндетті. Көрсетілген жүктерді кедендік ресімдеу тауарға ілеспе құжаттардың негізінде жүргізіледі. Тауарларды әкелу кезінде төлеуге жататын кедендік төлемдер мен салықтарды темір жол оларды сатудан түскен сомадан төлейді.

92. Қазақстан Республикасының кеден органы авария және бөгеусіз күш жағдайында туындаған тасымалдаушының шығындары үшін жауаптылықта болмайды.

## **10. Заттай айғақ болып табылатын жүктерді сақтау**

93. Темір жол көлігінде заттай айғақ ретінде ұсталған жүктер қылмыстық ( әкімшілік) іс қозғалғаннан кейін тасымалдаушыға қол қою арқылы беріледі. Мүмкіндік болған жағдайда темір жол кеден органына ұсталған жүктерді, сондай-ақ қылмыстық (әкімшілік) істер бойынша заттай айғақ болып табылатын жүктерді сақтау үшін "Қазақстан темір жолы" ҰК" АҚ құрған күзетілетін тұйық, алаң немесе УСҚ бөледі. Заттай айғақтарды тасымалдаумен, вагондардың

маневрлерімен, жұмысшыларды, кран шаруашылығын ұсынумен байланысты қосымша шығыстарды, тоқтап тұрғаны, УСҚ-ны пайдаланғаны үшін алынатын шығындарды кінәлі жақ өтейді.

94. Заттай айғақтар алынған (тәркіленген) жағдайда кеден органының лауазымды адамы темір жолға алу (шығарып алу) туралы қаулыны немесе тауарды тәркілеу туралы қылмыстық (әкімшілік) іс бойынша сот қаулысын ұсынады және жол ведомосіне тауарлардың алынғандығы туралы қол қояды, Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің 91-бабына сәйкес көлік құралдарындағы тауарларды сақтау мерзімі 10 күннен аспауы тиіс.

## **11. Жауаптылық**

95. Тасымалдаушы, экспедитор немесе тауарлар мен тасымал заттарын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізуші басқа да тұлғалар кедендік заңнаманы бұзғаны үшін жауаптылықта болады.

96. "Қазақстан темір жолы" ҰК" АҚ "Достық" станциясының жолсыздыққа жол берген лауазымды адамдары, егер өздері құқық бұзушылық жасаған сәтте олардың міндетіне Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында, кедендік заңнамада, сондай-ақ орындалуын бақылау кеден органдарына жүктелетін өзге де нормативтік және құқықтық кесімдерде белгіленген талаптардың орындалуын қамтамасыз ету кірген болса, қолданылып жүрген кедендік заңнамада көзделетін жауаптылықта болады.

9 7 . " Ә Т Ж К " А Қ :

1) тиісті күзетті қамтамасыз етпеудің нәтижесінде тауарлық-материалдық құндылықтарды ұрлау, бүлдіру, жетіспеуі үшін келтірілген;

2) "ӘТЖК" АҚ қызметкерлері өз міндеттерін лайықты дәрежеде орындамауы нәтижесінде күзетілетін объектіге кірген бөгде адамдардың күзетілетін жүктерге жоюы немесе бүлдіруі салдарынан келтірген залал үшін материалдық жауаптылықта болады.

98. Кеден органдарының қызметкерлері, ЖБӨП әскери қызметшілері, темір жолдың, "ӘТЖК" АҚ қызметкерлері, бақылаушы органдардың лауазымды адамдары заңсыз шешімдері, әрекеттері және тең әрекетсіздігі үшін Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес жауаптылықта болады.

## **12. Жұмысты тәулік бойғы режимде ұйымдастыру**

99. "Достық" халықаралық темір жол өткізу пунктінің мемлекеттік шекарадағы мәртебесін ескере отырып, темір жол Қазақстан Республикасының

қолданыстағы заңнамасына сәйкес шекаралық , кедендік және басқа да бақылау түрлері жүзеге асырылатын тәулік бойғы жұмыс режимін белгіледі.

100. Шекара маңындағы "Достық" темір жол станциясында тәулік бойғы жұмыс режимін ұйымдастыру үшін қосымша штат санын бөлу Қазақстан Республикасы уәкілетті органдарының шешімі бойынша белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

### **13. Жүктерді Қазақстан Республикасының кедендік аумағына автомобиль көлігімен әкелу кезіндегі кедендік ресімдеу және кедендік бақылау**

101. Жүгі бар автокөлік құралы Қазақстан Республикасының кедендік аумағына кіруі кезінде "бір аялдама" қағидаты бойынша шекаралық, кедендік және мемлекеттік бақылаудың басқа да түрлерінен өту үшін "Дружба" ЖБӨП тоқтайды. ЖБӨП шекаралық нарядының басшысы кеден органының және халықаралық автомобиль өтпесіндегі бақылаушы органдардың қызметкерлерін автокөліктің келгендігі туралы хабардар етеді. Автокөлік құралының келгендігі туралы хабарламаны алғаннан кейін, оны өңдеу үшін ЖБӨП наряды, кеденнің және бақылаушы қызметтердің қызметкерлері шығарылады.

102. Өткізу пунктінде кедендік және шекаралық бақылаудан кейін автомашина кедендік бақылаумен кедендік бақылау аймағына жіберіледі.

103. Кедендік бақылау аймағында автокөлік құралы мен жүктерді жан-жақты тексеруді (іріктемелі) шекара және кеден органының лауазымды адамдары жүргізеді. Кеден ережелерін бұзу фактілері болмаған жағдайда кеден органының тексеруді жүзеге асырушы лауазымды адамы "Жүк тексерілді" инвойсына мөртаңба қояды және жеке нөмірлік мөрімен растайды. Кедендік ресімдеу мен кедендік бақылаудан жасырылған тауар табылған жүгі бар көлік құралы қолданыстағы заңнамаға сәйкес шаралар қабылдау үшін тоқтатыла тұрады. Кедендік ресімдеу Кодексте және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық кесімдерінде көзделген тәртіппен жүргізіледі. Транзиттік жүктер заңнамада белгіленген тәртіппен ішкі кеден транзиті рәсімі бойынша ресімделеді.

104. Кедендік жүктерді ИКТ рәсімі бойынша жөнелтуші кеден органынан баратын кеден органына дейін тасымалдау кезінде "Достық" кеденінің лауазымды адамдары ДКД жасайды, ал ХЖТ рәсімін қолдану кезінде ХЖТ кітапшасын ресімдеуді жүргізеді.

105. ДКД және ХЖТ кітапшалары бойынша деректер "Жеткізілуін бақылау" АЖО КААЖ ҚБҚ жүйесінің деректер базасына енгізіледі және тауарлардың

баратын кеденге дейін жеткізілуін одан әрі бақылау кезінде пайдаланылады.

Құжаттарды тіркеу қолданыстағы кедендік заңнамаға сәйкес жүргізіледі.

106. Кодекстің 74-бабына сәйкес ИКТ рәсімі үшін белгіленген шарттар сақталған жағдайда тауарлар баратын кеден органына жіберіледі.

#### **14. Жүктерді Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тысқары жерлерге автомобиль көлігімен әкету кезінде кедендік ресімдеу мен кедендік бақылау**

107. Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерге жіберілетін жүктер автомобильдік өткізу пунктіне келгеннен кейін, тасымалдаушы немесе тауарлар мен көлік құралдарын өткізуші тұлға аталған жүктердің келгендігі туралы, "бір аялдама" қағидаты бойынша мемлекеттік бақылау жүргізілгендігі туралы шекара және кеден органдары мен бақылаушы органдарды хабардар етуі тиіс. Хабарлама әкелінген тауарлар мен көлік құралдарын, ДКД, және олардың көліктік және коммерциялық құжаттарын ұсыну түрінде көрінеді.

108. Автокөлік құралы кедендік бақылау аймағында орналастырылады және кеден органының лауазымды адамы:

- 1) қабылданатын құжаттардың болуын тексеруге;
- 2) көлік құралдарына сырттай карауды жүргізуге;
- 3) кедендік қамтамасыз етудің (пломбалар) бүтіндігін тексеруге;
- 4) белгіленген тәртіппен келген автокөлік құралдарын оларды қабылдау уақытын көрсете отырып тіркеуге міндетті.

109. Құжаттардың жетіспеушілігі анықталған, жүк бөліктерінің бүтіндігі бұзылған, кедендік қамтамасыз ету жоғалған немесе басқа да жолсыздықтар болған жағдайда кеден органының лауазымды адамы анықталған жолсыздықтар бойынша акт жасайды.

110. "Достық" кеденінің лауазымды адамдары оларға жүктелетін қызметтік міндеттерге сәйкес ұсынылған тауарға ілеспе құжаттардың толықтығын тексереді. Қажет болған жағдайда тауарлар мен көлік құралдарына тексеріс жүргізіледі. Кедендік тексерістердің нәтижелері туралы қорытындыға сәйкес жүкті кедендік ресімдеуді жүзеге асырады.

111. Көрсетілген тауарға ілеспе құжаттардағы мәліметтерге тауарлардың сәйкес келмеуі фактілері анықталған жағдайда, материалдар белгіленген тәртіппен, Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес одан арғы әрекеттерді жүргізу үшін "Достық" кеденінің тиісті бөліміне беріледі.

112. Кеден органының лауазымды адамы тауарлар мен көлік құралдарын шығару туралы шешім қабылданғаннан кейін тауар көлік құжаттарына жеке

нөмірлік мөрімен расталатын "Жүк жолға шықты" мөртаңбасын қояды.

Тауарларды Қазақстан Республикасынан Қытай Халық Республикасына әкету кезінде "Достық" кеденінің лауазымды адамы белгіленген тәртіппен оларды тіркеуді жүргізеді.

113. Жүктерді Қазақстан Республикасының аумағынан әкету туралы мәліметтер "Жеткізілуін бақылау" АЖО КААЖ ҚБҚ жүйесінің деректер базасына енгізіледі және тауарлардың жеткізілуін одан әрі бақылауды аяқтау үшін пайдаланылады.

114. Кедендік ресімдеу аяқталғаннан кейін тауарлар мен көлік құралдары кедендік бақылаумен Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тысқары жерлерге әкетіледі.

Қосымша

"Қазақстан Республикасы Кедендік  
бақылау агенттігінің "Достық"  
кедені лауазымды адамдарының,  
"Қазақстан темір жолы" Ұлттық  
компаниясы" Акционерлік қоғамының  
"Достық" станциясы қызметкерлерінің,  
Қазақстан Республикасының Көлік  
және коммуникациялар министрлігі  
лауазымды адамдарының, Қазақстан  
Республикасының Ұлттық қауіпсіздік  
комитеті Шекаралық қызметінің  
"Достық" Жеке бақылау-өткізу  
пункті әскери қызметшілерінің  
және бақылаушы қызметтер  
қызметкерлерінің мемлекеттік  
шекара арқылы теміржол және  
автомобиль көлігімен өткізілетін  
жүктерді кедендік ресімдеу  
кезіндегі өзара іс-қимылы  
ережесін бекіту туралы"  
Қазақстан Республикасы Көлік  
және коммуникациялар министрінің  
2004 жылғы 7 мамырдағы N 190-І,  
Қазақстан Республикасы Ауыл  
шаруашылығы министрлігінің  
2004 жылғы 5 мамырдағы N 258,  
Қазақстан Республикасы Денсаулық

сақтау министрлігінің  
 2004 жылғы 6 мамырдағы N 400,  
 Қазақстан Республикасының Кедендік  
 бақылау агенттігі төрағасының  
 2004 жылғы 7 мамырдағы N 213,  
 Қазақстан Республикасы Ұлттық  
 қауіпсіздік комитетінің Шекара  
 қызметі директорының 2004 жылғы  
 7 мамырдағы N 109 бірлескен  
 бұйрығына қосымша  
 1 кесте

---

Гамма-сәулелену деңгейі (мкЗв/сағат)		Фон + 0,2
Бета-бөлшектер ағымының тығыздығы		24 бөлшек/см 2мин аспайтын
Альфа-бөлшектері ағымының тығыздығы		24 бөлшек/см 2мин аспайтын

---

2 кесте

---

Көлік индексі	Кез келген нүктедегі	Сыртқы бетінің санаты
	ең көп сәулелену деңгейі	

---

0 <sup>(1)</sup>	0.005 мЗв/сағат артық емес	I-АК
0-ден артық,	0.005 мЗв/сағат артық,	II-САРЫ
бірақ 1 <sup>(1)</sup>	бірақ 0,5 мЗв/сағат	
артық емес	артық емес	
1-ден артық,	0,5 мЗв/сағат артық, бірақ	III-САРЫ
бірақ 10-нан	2 мЗв/сағат артық емес	
артық емес		
10-нан артық	2 мЗв/сағат артық, бірақ	III-САРЫ
	10 мЗв/сағат артық емес	

---